БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№243(9561)1954 жылғы 8 декабрь Сәрсенбі Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінде

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың машина-трактор станциялары мен совхоздарының өткен жылдың ішінде мол өнімді жаңа машиналармен толықтырылып, олардың өндірістік -техникалық базасының едәуір ұлғайтылғанын атап көрсетті. Мастерскойлар жүк көтеру-транспорт, станок жабдықтарымен және басқа жабдықтармен толықтырылды, МТС-тер мен совхоздарға көптеген мөлшерде маман механизаторлар жіберілді. Машина- трактор станцияларының көзір тұрақты жұмыс істейтін жұмысшы кадрлары бар.

Осының бәрі республика МТС-терінің, колхоздары мен совхоздарының жаңа жерлерді игеру жөніндегі партия мен үкметтің тапсырмасын ойдағыдай орындауына, барлық ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізуді жақсартуына мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті былай деп санайды: бірқатар МТС-тер мен совхоздардың басшылары машина-трактор паркін әзірлеуде елеулі кемшіліктерге жол берді, соның салдарынан тракторлар мен комбайндардың едәуір бөлегі 1954 жылғы жұмыстар басталған кезде жөнделмей қалды, ал бірқатар жағдайда тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары асығыс жөнделді. Мұның өзі тракторлардың босқа туруына және жұмыс өнімінің едәуір кемуіне әкелін соқтырды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті былай деп санайды: рәспубликаның колхоздары мен совхоздары ауылшаруашылық дақылдарының егісін едәуір арттыруға, тың және тыңайған жерлер көтеруге тиіс болып отырған 1955 жылы МТС-терден, колхоздар мен совхоздардан осы уақытқа дейін болып көрмеген қажырлы күш жұмсауды, қолда бар өндірістік-техникалық резервтердің бәрін барынша толық пайдалануды, өткен жылдары болған кемшіліктердің бәрін батыл жоюды талап етеді.

Солай бола тұрса да, республиканың Ауыл шаруашылығы және Совхоздар министрліктері, олардың жергілікті органдары, бірқатар облыстардың партия және ауылшаруашылық ұйымдары 1955 жылы ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізудің ерекшеліктерін ескермей, трактор паркін, сеялкаларды, культиваторларды, комбайндарды және басқа ауылшаруашылық машиналарын әзірлеуде ірі-ірі қателіктер жасап, жөндеу жұмыстарын тәуге болмайтын баяу қарқынмен жүргізуде, ал бірқатар МТС-тер мен совхоздарда тіпті өткен жылғыдан анағұрлым нашар жүргізілуде. Машина-трактор паркін жөндеуде әсресе Шығыс Қазақстан, Семей, Алматы, Қарағанды, Ақтөбе облыстары артта қалып отыр.

Трактор, комбайн двигательдерін және басқа двигательдерді мезгілінде, толық жөндеу мақсатымен, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне, Совхоздар министрлігіне және облыстық атқару комитеттеріне мынадай міндеттер тапсырылды:

Еңалдымен, жаңа жерлерді игеріп жатқан МТС-тер, ММШС-тер мен совхоздар машиналардың двигательдерін және жеке торлаптарын жөндеу үшін жөндеу заводтарына, ауданаралық және совхозаралық күрделі жөндеу мастерскойларына бекітілсін, бұл кәсіпорындардың, жем дегенде, екі сменада жұмыс істеуі қамтамасыз етілсін;

1954 жылдың төртінші тоқсанында жөндеуге тиісті двигательдер жөндеу заводтарына, ауданаралық және совхозаралық мастерскойларға 10 декабрьге дейін, 1955 жылдың бірінші тоқсанында жөндеуге тиісті двигательдер—15 февральға дейін және екінші тоқсанда жөнделуге тиісті двигательдер—1955 жылғы 1 майға дейін жеткізілетін болсын;

Айырбас қорындағы двигательдерді жөндеу мерзімдерін қысқарту және олардың айналымын тездету есебінен тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандардың МТС-теріне, ММШС-тері мен совхоздарына «С—80» және «ДТ—54» тракторларын жөндеуде көмек көрсету ұйымдастырылсын;

МТС-тер мен совхоздар үшін двигательдер жөндейтін әрбір жөндеу заводында жауапты қабылдаушы тағайындалып, бұл кәсіпорындардың басшыларына дайын двигательдерді қабылдаушы байқап, рұқсат бергенге дейін МТС-терге беруіне тыйым салынсын;

Жөндеу кәсіпорындарында тозған бөлшектерді қалпына келтіріп, оларды тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу үшін пайдалану ұйымдастырылсын.

Үстіміздегі жылы колхоздар мен совхоздардың көпшілігі 1955 жылдың егініне арнан жер әзірленуін қамтамасыз еткенін, ал мұның 1955 жылы егіс жұмыстарын ең қолайлы және қысқа мерзімдерде өткізуге мүмкіндік беретінін ескеріп, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті ең басты міндеттердің бірі МТС-тердегі, ММШС-тердегі, совхоздар мен колхоздардағы барлық сеялкаларды, дискелі құралдарды, тырмалар мен олардың кеңалымды тіркемелерін қалпына келтіру деп санайды және ауыл шаруашылығы министрлігін, совхоздар министрлігін, «Қазсельхозснабты», «Қазсовхозснабты», МТС-тердің, ММШС-тер мен совхоздардың директорларын барлық есептен шығарылған егін егетін және топырақ өңдейтін машиналардың санын және техникалық жарамдылығын тексеруге, запас бөлшектер әкелінін, бұл машиналардың қалпына келтірілуін қамтамасыз етуге жөндеу үшін МТС-терге және совхоздарға, жөндеу кәсіпорындарында 1954 жылдың төртінші тоқсанында және 1955 жылдың бірінші тоқсанында берілетін жаңа шарикті және роликті, подшипниктерді кезір айырбастамай беріп, олардың орнына тозған подшипниктерді тиісті мөлшерде келесі тоқсанда қайтаруға рұқсат етілді.

Министрліктер мен ведомстволардың сол сияқты машина-трактор паркін жөндеуге және запас бөлшектер жасауға қатыстырылған өнеркәсіп орындарының басшылары бөлшектерді жергілікті жерде жасаудың 1954 жылдың төртінші тоқсанына белгіленген жоспарды толық және артығымен орындау үшін, пайдаланылмайтын станок, сваркалау, жону және басқа жабдықтар бөлу, слесарьлық -монтаждау аспаптары мен жөндеу тетіктерін жасау жолымен МТС-терге, ММШС-терге, совхоздар мен колхоздарға көмек көрсетудің қосымша мүмкіндіктері мен резервтерін табу үшін қажетті шаралар қолдануға міндетті.

Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті облыстық және қалалық партия комитеттерін, облыстық және қалалық Советтерді өнеркәсіп орындары тарапынан МТС-терге, ММШС-терге және совхоздарға қамқорлық ретінде көмек көрсетілуін ұйымдастыруға және осы кәсіпорындардың басшыларымен бірлесіп тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді өткізуге машина-трактор және машина-малшаруашылық станцияларының жан-жақты көмек көрсету жөнінде шаралар белгілеуге міндеттеді.

Қара және түсті металлургия министрліктерінің кәсіпорындарын қоспағанда, өнеркәсіп орындарының директорларына, МТС-терге, совхоздарға және жылқы заводтарына тракторларды, комбайндарды және ауылшаруашылық машиналарын жөндеу үшін, өнеркәсіп өнімін шығарудың белгіленген жоспарын орындау үшін пайдаланылмайтын металл қалдықтары мен материалдарды беру жүктелді. Өнеркәсіп орындарының басшылары мен бастауыш партия ұйымдарының секретарьларына жұмысшылар арасында түсінік жұмысының кеңінен өріштетілуін қамтамасыз ету, қамқорлыққа алған МТС-тердегі, совхоздар мен колхоздардағы істің жайы туралы оларға үнемі хабарлап отыру және машина-трактор паркін жөндеу жоспарын орындауға кәсіпорны коллективтерінін белсене қатысуы үшін шаралар қолдану тапсырылды.

Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті мыналарды міндеттеді:

Қарағанды және Түркстан-Сибирь темір жолдарының бастықтары Елагин және Кулак жолдастар—запас бөлшектер келетін вагондарды бірінші кезекте беріп, бұл жүктердің темір жолдар арқылы деркезінде жеткізілуіне бақылау жасайтын болсын, «Глававтотракторсбыт», «Қазсель-

Әрбір колхоз бен совхоз тұқыммен қамтамасыз етілсін

Алдағы, 1955 жылы облысымыздың колхоздары мен совхоздарында тың жерлерді игеру есебінен егіс көлемі едәуір ұлғайтылғалы отыр. Мұның өзі әрбір колхоз бен совхозда сапалы сортты тұқымның жеткіліксіз болуын талап етеді. Өйткені егіске деп бөлінген жердің толық игерілуі, көктемгі егістің агротехникалық ережелерге сай, деркезінде өткізілуі және егіннен мол өнім алу міндетінің жүзеге асырылуы тұқымның да мол, оның егіске әзір болуына тікелей байланысты. Егер әрбір шаруашылықтың өз жерінің жағдайына қарай жақсы өсуге бейім сыналған тұқымы болмаса, онда егіннен тұрақты және мол өнім алу жөнінде әңгіме болуы мүмкін де емес.

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдарынан 1954 жылдан бастап әрбір колхоз бен совхоздың сапалы сортты тұқыммен толық қамтамасыз етілуін талап етті. Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары партия мен үкметіміздің алға қойған бұл жауапты міндеттерін жүзеге асыруда едәуір жұмыс істеп келеді. Конюхов ауданының «Путь Ленина», Булаев ауданының «Победа» колхоздары мен Тоқпшын совхозының коллективтері сапалы сортты тұқымды жеткіліксіз өзірлеу арқылы егіннен мол өнім алуға жетісуде. Сондықтан да бұл шаруашылықтар үстіміздегі жылы мемлекетке астық тапсыру жоспарын аброймен орындап шықты.

Облыс колхоздары мен совхоздарын тұтас алғанда егіншіліктің мәдениетін арттыру, егіннен тұрақты және мол өнім алу міндетінің жүзеге асырылуы әлі де болса тиісті дәрежеде болмай отыр. Мұны үстіміздегі жылы облысымызда мемлекетке астық тапсыру жоспарының орындалмай қалғандығы толық дәлелдейді. Ал облыста бұл елеулі кемшіліктерді жоюға мүмкіншілік бар ма? Әрине, бар. Ол үшін алдымен колхоздар мен совхоздарда тұқымның жеткіліксіз мөлшерде құйылуын, оның кезірден бастап тазартылып, өнгіштік сапаға жеткізілуін және жақсы қоймаларда дұрыс сақталуын қамтамасыз ету керек. Егіннен мол өнім алу міндеті тек егістік алаңдарға қарды ту жұмысы да өте нашар. Колхозда тұқым тазартуға қажетті машиналар —веялкалар, сортировкалар, трейерлер, «ВИМ» сияқты астық тазартқыштар бар. Не пайда, колхоз председателі Құрманбаев жолдас осы машиналарды тұқым тазартуға тиімді пайдалануды ұйымдастырмай, тұқымды тазарту, сақтау сияқты маңызды жұмыстарға жауапсыз қарап келеді.

Тұқым дайындау жөніндегі жағдай Булаев ауданындағы Булаев МТС-нің қамтуындағы колхоздарда да осындай. Бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздарда тұқым күю жоспары 84,9 процент ғана орындалған. Ал жүгері, күнбағыс, жем шөп тұқымдары мүлдем жоқ. Қолда бар тұқым тиісті кондицияға жеткізілмеген. «Страна советов», Коминтерн атындағы колхоздарда бірсыпыра тұқым ашық қырмандарда жатыр. Оларды жақсы қоймаларға тасып алу және тазартуды ұйымдастырумен колхоз басшыларының ісі болмай жүр. Колхоздарда болып отырған осындай елеулі кемшіліктерді аталған екі ауданның басшылары Козин, Живулина, Курлов, Кизатов жолдастар білмейді деуге болмайды. Бірақ бұл басшылардың өздері де «тұқым күюға, оны тазартуға уақыт жетеді» деп жайбарақаттыққа салынып отыр. Міне, облыста егін шығымдылығының әлі де болса жоғары дәрежеде болмай отырғандығына осындай елеулі кемшіліктердің орын алуы үлкен себеп болып келеді.

Тұқым дайындауда басқа аудандарда да кемшіліктер жоқ емес. Петропавл, Ленин, Преснов аудандарының көп колхоздары мен совхоздары тұқымды тазартуға әлі шындап кіріскен жоқ. Бұл аудандарда да жекелеген басшылар «уақыт жетеді» деп өзін өзі кеңейлымға түсіруде. Бірақ уақыт оларды күтпейді, демек көктемгі егіске әзірлену жұмыстарын кезірден бастап тыңғылықты ұйымдастыру керек. «Жаман тұқымнан жақсы өнім күтпе» дейді халық. Халықтың бұл мәтелін ұмытуға болмайды.

Келесі жылдың егісі үшін сапалы сортты тұқымды мол әзірлеуде колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың басшылары, оның ішінде агрономдар, механиктер,

қалың тоқпеттіп, ылғалды көп сақтаған да, егістік жерді дұрыс өңдеп, қоректендіргенде және егінді кәте білгенде ғана шешілмейді, сонымен бірге жоғарыда айтылғандай жер ыңғайына қарай өнімді мол беретін тұқымның жеткіліксіз болғанында ғана шешіледі.

Бірақ осыны жекелеген шаруашылықтардың басшылары әлі күнге түсінбей келеді. Олар біріншіден, сапалы сортты тұқымды қажетінше қуйып алуға, оны жер ыңғайына қарай дайындауға жете назар аудармаса, екіншіден, қолда бар тұқымның өзін алдын- ала тазартып, себуге әзірлеуге көңіл бөлмейді. Мәселен, облысымызда алдағы жылдың егісі үшін тұқым құюда және қолда бар тұқымды тазартуда артта қалып отырған Совет ауданындағы жағдайды айтайық. Бұл ауданда дәнді дақылдардың тұқымын құю, оның ішінде бидай тұқымын құю жоспары әлі күнге орындалған жоқ. Атап айтқанда, дәнді дақылдар тұқымын құю жоспары 75 процентпен, оның ішінде бидай тұқымын құю жоспары 70 процентпен ғана орындалып отыр. Картон, овощ, майлы дақылдар мен малазығындық дақылдардың тұқымын құю мен оны әзірлеуде де істің барысы мейлінше баяу.

Осы аудандағы Совет МТС-нің қамтуындағы колхоздарда керекті тұқымның 63 проценті ғана бар. Солай бола тұрса да, колхоз басшылары қолда бар тұқымның өзін тазартуға, оны сақтауға жауапсыз қарайды, тұқымның өнгіштік сапасының кемуіне жол береді. «Аралағаш» колхозында тұқымға құйылған дәннің едәуір бөлегі нашар жабдықталған қоймаларда сақталғандықтан шығымдылық сапасын кеміткен. Мұнда тұқымды тазарте Халил Халиловтың бригадаларындағы механизаторлар сеялкаларды тұқымды ұялап егуге қайта бейімдеу жұмысын аяқтады. Түйіршіктелген суперфосфатты топырақ сіңіретін тұқ аппараттары жаңартылып, жылжымалы вагоншалар, мұнай қоймалары жөнделіп, тәртіпке келтірілуде.

Қант қызылшасын төрт- бес күнде егіп, бұдан соң плантацияларды машиналармен комплексті баптауды қамтамасыз ету үшін тракторшылар, тіркеушілер және май қуюшылар біртектес мамандықтарды игеруде.

Ықтырмалардағы алғашқы қар

ПАВЛОДАР, (ҚазТАГ). Ертіс бойында алғашқы қар жауып, боран болды. Ықтырмалы парларға қар көп тоқтады. Мұнда қарды, желдердің бағытына көлденеңінен егілген горчицаның, күнбағыстың қатарлары тоқтатады. Колхоздар мен совхоздар ықтырманы быйылғыдай ешқашан да көп еккен жоқ еді. Ықтырма егілген жерлер 438 мың гектардан асады.

Жел болатын қыс жағдайында ықтырмалар қар тоқтататын неғұрлым жақсы арзанға түсетін құрал екенін көрсетті. Максим Горький ауданындағы, Калинин атындағы колхозда ықтырмалы парға егілген 214 гектар егіннің әр гектарынан быйыл 145 пұттан бидай, яғни басқа участоктерге қарағанда 25 пұт артық алынды. Колхоз 1955 жылы егін егілетін жерлерге 3.140 гектар ықтырма екті. Көршілес «Путь к коммунизма» колхозы ықтырма егісінің көлемін 60 гектардан 4.000 гектарға дейін ұлғайтты.

Михайлов, Үрлітүп, Лозов және басқа аудандардың ықтырмалы парларына көп қар тоқтатылды. Лозов ауданы, Сталин атындағы, «30 лет Казахстана», Буденный атындағы колхоздарда ықтырмалы парларға тоқтатылған қардың қалыңдығы басқа пар және зябь жыртылған участоктердегідей көзірдің өзінде үш есе артық болып отыр.

егіс бригадасының бригадирлері зор ұйымдастырушылық роль атқаруға тиіс. Олар тұқымды дайындаушы колхозшыларға, жұмысшыларға үнемі көмектесіп, кеңес беріп отырулары керек. Оларға тұқымды тазартудың, сақтаудың және тән тазартқыш техникаларды тиімді пайдаланудың жолдарын түсіндіріп, үйретулері қажет. Бұл әрбір басқарушы, ұйымдастырушы жолдастардың құрметті міндеті.

Әрбір колхоз бен совхозда сапалы сортты тұқымның жеткіліксіз болуын, оны тазарту, сақтау жұмыстарының үлгілі ұйымдастырылуын, бұл жұмыстағы колхозшылар мен жұмысшылар арасында еңбек тәртібінің қатаң сақталуын, озаттардың тәжірибелерінің кеңінен насихатталып, көктемгі егіске дейін барлық тұқымның толық дайын болуын қамтамасыз ету жолындағы социалистік жарыстың кең өрістетілуін ұйымдастыру алдымен партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарына жүктеледі. Бұл ұйымдар колхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшылары арасында үгіт- бұқаралық жұмыстарын жоғары дәрежеде, әсерлі жүргізу арқылы еңбекте жаппай өрлеу туғызуға тиіс. Олар шаруашылықта орын алған кемшіліктерге тезбей, ол кемшіліктердің болу себептерін жете тексеріп, батыл ашып отыруға, сонымен бірге байқалған кемшіліктерді іс үстінде жою шараларын белгілеуге және оны жүзеге асыруға міндетті. Істі тек осылай тыңғылықты ұйымдастырғанда ғана жақсы нәтижелерге жетуге болады.

Әрбір колхоз бен совхоздың өзінің сапалы сортты тұқымы болсын!

Қызылша өсіретін МТС көктемге әзірленуде

НОВО -ТРОИЦКОЕ (Жамбыл облысы). (ҚазТАГ). Шу МТС-нің механизаторлары алдағы көктемде қант қызылшасын егуге әзірленуде. Олар қамтуындағы ауылшаруашылық артельдерінің колхозшыларымен бірлесе отырып, алдағы жылы әр гектарынан 500 центнерден қызылша алу үшін күресуді үйгарды. Барлық егістікте терең зябь жыртылды. Кәзір 18 тракторшы егістіктерге тыңайтқыштар асуда қызылшашыларға көмектесіп жүр.

Станция мастерскойларында техниканы жөндеу жұмысы қыза түсуде. Социалистік Еңбек Ері Бағадур Вельевтің және Халил Халиловтың бригадаларындағы механизаторлар сеялкаларды тұқымды ұялап егуге қайта бейімдеу жұмысын аяқтады. Түйіршіктелген суперфосфатты топырақ сіңіретін тұқ аппараттары жаңартылып, жылжымалы вагоншалар, мұнай қоймалары жөнделіп, тәртіпке келтірілуде.

Қант қызылшасын төрт- бес күнде егіп, бұдан соң плантацияларды машиналармен комплексті баптауды қамтамасыз ету үшін тракторшылар, тіркеушілер және май қуюшылар біртектес мамандықтарды игеруде.

Көптеген МТС-тер мен совхоздардың директорлары тракторларды, топырақ өңдейтін және тұқым себетін машиналарды жөндеу жұмысын егістің қарсаңындағы мезгілге, ал комбайндар жөндеуді егін жыйнау қарсаңындағы мезгілге қалдырып, машиналарды жөндеудің прогрестік тоқтаусыз әдісін өндіріске енгізуге кертартпалықпен және немқұрайдылықпен қарап отыр.

«Глававтотракторсбыттың» республикалық және облыстық конторларының басшылары МТС-терді, совхоздарды, жөндеу заводтарын материалдармен және запас бөлшектермен деркезінде үздіксіз жабдықтап отыруды қамтамасыз етпеді, бұлардың тілегін нашар зерттейді. Осының салдарынан белгілі бір бөлшектер шамадан тыс артылып қалатын, ал басқа бөлшектер жөніндегі тілек қанағаттандырылмайтын көптеген оқиғалар орын алып келеді. Республика кәсіпорындары мен заводтарының тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарына керекті запас бөлшектерін жасау жоспарын орындауы өте нашар бақыланып келеді.

Сауда министрлігі мен Қазақстан тұтынушылар кооперациясының одағы, көптеген МТС-тер мен совхоздардың директорлары жөндеуші жұмысшыларға қажетті тұрмыс көп жағдайда механизаторлардың ең қажетті тілектері тек сауда қызметкерлерінің икемсіздігі, тоқтаусыз мезгілінде және ойластырылып жеткізілмеуі, тұтынушылар тілегінің есепке нашар алынуы салдарынан қанағаттандырылмай келеді. Жөндеуші жұмысшылардың қоғамдық тамақтануы қанағаттанғысыз ұйымдастырылған.

Партия және кәсіподақ ұйымдары МТС және совхоз механизаторларының тракторлар мен басқа ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жоспарын орындау және асыра орындау жолындағы социалистік жарысына жеткілікті көңіл бөлмейді.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті МТС-тердің, ММШС-тердің, совхоздардың тракторларын, комбайндарын және басқа ауылшаруашылық машиналарын жөндеу, сонымен қатар жөндеу заводтары мен ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойларында тракторлардың, комбайндардың, автомобильдердің, двигательдері мен өздігінен жүретін машиналардың двигательдерін жөндеу жөніндегі тапсырманы бекітіп, Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігіне (Мельник жолдасқа), Қазақ ССР Совхоздар министрлігіне (Власенко жолдасқа), облыстық атқару комитеттеріне, аудандық атқару комитеттеріне, облыстық және аудандық партия комитеттеріне мыналарды міндеттеді:

а) барлық МТС-тердің, ММШС-тердің, совхоздардың, жөндеу заводтарының, ауданаралық және совхозаралық күрделі жөндеу мастерскойларының қысқы жағдайда тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу үшін қолда бар өндіріс алаңдарының бәрін пайдалануға шаралар қолданылсын;

б) жаңа жөндеу мастерскойларын, тұрғын үйлерін жөндеудің технологиялық үдемелі әдісін белгілеуге шаралар қолдану тапсырылды.

Тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан МТС-тердің, ММШС-тердің, совхоздардың алыстағы бригадаларында тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу үшін жылжымалы жөндеу бригадаларын ұйымдастырып, оларды жылжымалы автомастерскойлармен, қажетті монтаждау және қайта монтаждау тетіктермен, аспап-сайманмен, запас бөлшектермен қамтамасыз ету ұсынылды, ал колхоздардың жылжымалы жөндеу бригадаларының жұмыс істеуіне үйлер беруі және электр станциялары болған күнде—электр қуатын беруі ұсынылды.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті республиканың ауыл шаруашылығы және совхоздар министрліктеріне, партия және совет ұйымдарына, МТС-тердің, ММШС- тердің және совхоздардың директорларына мыналарды міндеттеді:

а) барлық МТС-терде, ММШС-терде, совхоздарда прогрестік тоқтаусыз жөндеу әдісін енгізу, бұл үшін МТС-те механизаторлардың қысқа мерзімді семинарларын өткізу қамтамасыз етілсін, МТС және совхоз механиктерінің осы жөндеу әдісін енгізуге жауапкершілігі арттырылсын және тракторларды жөндеудің тоқтаусыз әдісін қолданғысы келмейтін адамдар қатаң жазалансын;

б) машиналарды бөлшектеу және құрастыру, екі сменалық жұмыс әдісін енгізу үшін қосымша алаңдар беруді ескере отырып, жөндеу мастерскойларының машина жөндеу қабілетін арттыру жөнінде бескүндік мерзім ішінде шаралар белгіленсін;

в) 1954 жылдың төртінші тоқсанында тракторларды жөндеу жоспарын орындауды және асыра орындауды, сонымен қатар 1955 жылдың бірінші тоқсанында трактор жөндеуге қажетті резерв жасауды ескере отырып, запас бөлшектер жеткізуге қажетті шаралар қолданылсын;

г) декабрьдің ішінде, өзара тексеру жолымен, МТС қоймаларында запас бөлшектердің нақты қоры анықталсын, бұл запас бөлшектер машина-трактор станциялары мен совхоздарға қайтадан бөлініп берілсін, ал артылып қалған запас бөлшектер «главтракторсбыттың» қоймаларына қайтарылсын;

д) жөнделген тракторларды электр генераторларымен және электр жарығымен, сондай-ақ техникалық жағынан күтуге керекті аспап- сайманның стандартты комплекстімен міндетті түрде жабдықтау қамтамасыз етілсін;

е) МТС-терде, ММШС-терде және совхоздарда тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу сапасын кемінде айына бір рет өзара тексеріп отыру практикасы қолданылсын. Тракторларды, комбайндарды және басқа машиналарды жөндеу сапасының тікелей жауапкершілігі МТС-тердің, ММШС-тердің және совхоздардың директорлары мен бас инженерлеріне жүктелсін. Әрбір жөнделген трактор-ға, комбайнға және басқа машинаға қабылдап алу актілері жасалсын.

міндеттенді.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетіне сеялкаларды, дискелі құралдарды, тырмалар мен тіркемелерді қалпына келтіру жөніндегі жұмысқа осы өте маңызды тапсырманы орындауын деркезінде қамтамасыз ету үшін комсомол ұйымдары мен жастарды қатыстыру жүктелді.

Үстіміздегі жылы МТС-терде, ММШС-терде, совхоздарда комбайн паркі едәуір көбейді. Комбайндарды егін жыйнау жұмыстарына әзірлеуді кешеуілдетуге жол бермеу үшін республиканың ауыл шаруашылығы министрлігі, совхоздар министрлігі, облыстық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері МТС-тер мен совхоздардың мастерскойлары жанынан мотолар, полотнолар, транспортерлер, шнектер, шынжырлар, кескіш аппараттар және комбайндардың басқа торапторын жөндейтін арнаулы жұмыс посттарын құрып, олардың қысқы мерзімде жөнделуін ұйымдастыруға, ал сарайлары және гараждары бар МТС-тер мен совхоздарда —комбайндардың біржолата құрастырылуын ұйымдастыруға міндетті.

МТС-тердің, ММШС-тердің және барлық совхоздардың шөп жыйнайтын машиналары мен электр қуаты мен қой қырқатын агрегаттарын деркезінде және сапалы әзірлеу үшін ауыл шаруашылығы министрлігі, совхоздар министрлігі, облыстық және аудандық атқару комитеттері, облыстық және аудандық партия комитеттері арнаулы жөндеу постарын және жылжымалы жөндеу бригадаларын ұйымдастыру жолымен барлық шөп машиналарының, тырнауыштардың, шөп жыйнайтын шөмелелегіштердің, мая үйгіштердің және басқаларының торапторын жөндеуді, сол сияқты бұл үшін жеткілікті мөлшерде жөндеуші жұмысшылар бөліп, жөндеу аяқталғанға дейін оларды жеке жұмыс орындарына бекіту, электр жабдықтары және электр қуатымен қой қырқатын агрегаттарды өнеркәсіп және жөндеу кәсіпорындарында жөндеуді ұйымдастыру қажет.

Машина-трактор паркін жөндеуге қатысушы МТС-терді, ММШС-терді, совхоздарды, колхоздарды және жөндеу заводтарын запас бөлшектермен және нормальдармен қамтамасыз ету мақсатын көздеп, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті Қазақ ССР-нің Ауыл шаруашылығы министрлігін, Совхоздар министрлігін, «глававтотракторсбыттың» республикалық конторын, облыстық атқару комитеттерін МТС-терге, ММШС-терге, совхоздарға, колхоздарға және жөндеу заводтарына бұл бөлшектердің қанша керектігін және осы бөлшектермен қаншама қамтамасыз етілгенін есепке алып, оларды қажетті мөлшерде запас бөлшектермен, материалдармен, аспаптармен жабдықтауды жақсартуға шаралар қолдануға және жетпейтін запас бөлшектердің жергілікті заводтарда жасалуын ұйымдастыруға міндеттенді.

Қазақ ССР-нің Мемлекеттік Жоспарлау комиссиясына 1955 жылы тракторларға, автомобильдер мен ауылшаруашылық машиналарға қажетті запас бөлшектерді жергілікті жерде жасау жоспарын Министрлер Советінің бекітуіне тапсыру жүктелді

Ерекше жағдай ретінде тракторларды

[illegible] «Сельхозтехника» конторларының адресіне жөнелтілетін аса қымбат запас бөлшектерді жолаушылар поездарымен тасуға қабылдайтын болсын;

Қазақ ССР сауда министрлігі (Жанғозин жолдас) және Қазақстан тұтынушылар одағы (Царев жолдас), облыстық атқару комитеттері мен облыстық партия комитеттері МТС-тер мен совхоздарда қажетті азық-түлік және өнеркәсіп товарларының үздіксіз сатылуын қамтамасыз етіп, жөндеуші жұмысшылардың қоғамдық тамақтандыру орындарынан күніне үш рет тамақтануын ұйымдастыратын, МТС-тер мен совхоздардағы сауда орындарына ең қажетті товарлар мен жылы киімдердің жеткізілуіне бақылау жасайтын болсын;

Қазақ ССР мәдениет министрлігі, облыстық атқару комитеттері мен облыстық партия комитеттері механизаторларға кинофильмдердің уақытында көрсетілін түруын қамтамасыз етіп, мұнымен бірге концерт-эстрада бригадаларының МТС-терге, совхоздар мен колхоздарға баруын ұйымдастыратын болсын.

Облыстық және аудандық партия комитеттеріне, облыстық және аудандық атқару комитеттеріне, МТС және совхоз директорлары мен партия ұйымдарының секретарьларына мына жұмыстар тапсырылады:

Осы қаулы МТС-тердің, совхоздар мен колхоздардың жұмысшылары мен мамандарының жыйналыстарында талқыланып, машина-трактор паркін жөндеудің және әзірлеудің жоспарын көрсетілген мерзімдерде орындау жөнінде нақтылы шаралар белгіленетін болсын;

Тракторларды және басқа ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде істейтін әрбір жұмысшының сменалық жұмыс нормасын толық және артығымен орындау жолындағы социалистік жарыс кеңінен ерістетілсін;

Партия және комсомол кадрларының машина-трактор паркін жөндеудің неғұрлым жауапты участоктеріне қойылуы қаралып, олардың дұрыс орналастырылуы қамтамасыз етілсін;

МТС-тердің, ММШС-тердің, совхоздардың және жөндеу заводтарының жанынан жатақханалардың, моншалардың, нан пісіретін орындардың, асханалар мен қызыл бұрыштардың салынуын неғұрлым тез аяқтау қамтамасыз етілсін.

Машина-трактор паркін жөндеуді кеңінен өрістету мақсатында Министрлер Советі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті МТС-тер мен ММШС-тердің, совхоздар мен жөндеу заводтарының директорларынан жөндеу жұмысында ерекше көзге түскен МТС-тердің, ММШС-тердің, совхоздардың, жылқы заводтарының, ауданаралық күрделі жөндеу мастерскойларының, совхозаралық мастерскойлар мен жөндеуші жұмысшыларына тракторларды, комбайндар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің айлық жоспарларын орындағаны үшін сыйлықтар беруді қамтамасыз етуді талап етті.

Бейбітшілік пен жалпы хауіпсіздікті нығайта берейік!

☆ ☆ ☆

Бізге қапылыста тап беруіне жол бермейміз

АЛМАТЫ, 6 декабрь. (СОТА). Қазақстанның қалаларында, ауылдары мен селоларында европалық елдердің Москва Кеңесінің қорытындыларын талқылауға арналған митингтер саяси өрлеу жағдайында өтуде.

Қарағандыда, № 31 шахтада митингке 500 шахтерлер жыйналды. Көмір комбайны машинисінің көмекшісі Әлібатыров жолдас сөз алды. Ол мынаны мәлімдеді:

—Декларацияда бейбітшілік және жаппай хауіпсіздік мүдделерін барынша қорғай отырып, бейбітшілік сүйгіш халықтардың өздерінің онан әрі бейбіт жолмен дамуын және өз мемлекеттерінің ойдағыдай хауіпсіз болуын қамтамасыз ету үшін қажет болған шаралардың бәрін істейтіні жақсы айтылған.

Бұл— әрбір совет адамының ой-пікірі. Империалистер екінші дүниежүзілік соғыстың сабақтарын ұмытуға тиіс емес. Егер олар муны ұмытыш, өздерінің зұлымдық әрекеттерін жүзеге асыруды ойлайтын болса, онда олар өздерін өздері кінәласын.

Теміртаудағы Қазақтың металлургиялық заводы мартен цехының көп адамдар катысқан митингісіне болат балқытушы Аргын Жұнысов жолдас толқыл сөз сөйледі.

—Батыс Германияны ремилитарландыру, —деді ол, —және оны агрессиялық блокқа қосу жаңа соғыс хауіпін анағұрлым күшейтеді. Муны біздің мектеп жасындағы балалар да біледі. Біз өзіміз де қапылыста тап беруге төзе алмаймыз және бұған жол бермейміз. Міне сондықтан да совет адамдары Москва Кеңесіне қатысушылардың, Париж келісімдері бекітілген жағдайда, өздерінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бірлескен соғыс шараларын жүзеге асыру жөніндегі ұйымдарындысы өте орынды және дұрыс деп біледі.

Ақмоланың алыс даласында, тың жерлерде быйыл жаңа Маринск астық совхозы ұйымдастырылды. Жаңа жерге коныстанушылардың митингісінде агроном Раиса Емельянова сөз сөйледі.

Ғасырлар бойы бос жатқан далада қысқа уақыттың ішінде біз ірі шаруашылық ұйымдастырдық, —деді ол. —Біз мұнда алтындай бидай өсірудеміз. Бірақ империалистік мемлекеттердің бұзықтары герман милитаризмін қайта тудыруды, Германияны мәңгүн фюрер жетектеген жолға қайта түсіруді ойлап отыр. Бейбіт сүйгіш халықтар бұл әрекетті мейлінше айыптайды және соғыс өртін тұтандырушылардың қанды жоспарларын жүзеге асырмауға өздерінің даяр екендігі туралы мәлімдейді.

Совет мемлекетінің қуаттылығын қажырлы еңбекпен нығайту, күн сайын, сағат сайын Отанның экономикасы мен қорғанымыздық қуатын нығайту ісіне үлес қосу —Қазақстанның қалаларында, ауылдары мен селоларында өткен митингілердің мінбелерінен бірнеше рет қайталап айтылған бұл сөздер республика еңбекшілерінің Москва Кеңесіне қатысқан мемлекеттердің Декларациясын бір ауыздан қуаттап қабылдайтындықтарын білдіреді.

Механизаторлар еркі

Бұрнағы күні Ленин ауданының Образцовый МТС-інде европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде Москвада өткізілген Кеңестің Декларациясына арналған митингі болып өтті. Митингіге 220 адам қатынасты. Олардың ішінде механизаторлар, агрономдар, инженер- техник қызметкерлері бар. МТС-тің жұмысшылар комитетінің председателі Бурлаков жолдас жыйналғандарға европалық елдер делегацияларының Москвада өткен Кеңесінде қабылданған Декларацияны талқылауға арналған митингіні ашық деп жариялады. Декларацияның тексті окылды.

—Бүкіл дуние жүзіндегі бейбіт өмірді ішін жүректен тілейтін қарапайым адамдардың бірі менмін, —деді МТС трактор жөндеу бригадасының бригадирі Д. Васильев жолдас.—Сондықтан да европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москвада өткізілген Кеңестің қабылдаған Декларациясын мақұлдап, қуаттайтындығымды осы митингіде де мәлімдеймін. Барлығымызға мәлім Париж келісімі милитаристік Батыс Германияны қайта қаруландыруды, сөйтіп жаңа соғысты тудыруды қуаттап отыр. Муның өзі бізге, социализм лагеріне, бейбітшілік сүйгіш адамдарға жаңа хауіп, жаңа хатер тудырады деген сөз. Дуние жүзінің адал ниетті адамдары бұл жағдайға селсоқ қарап отыра алмайды.

—Біздер, —деді мастерской меңгерушісі Козкин жолдас, —МТС механизаторлары, быйыл мыңдаған гектар тың және тыңайған жерлерді игеріп, елімізде астық молшылығын жасау күресінде өздеріміздің елеулі үлестерімізді қостық. Көзір біздің мастерскойда механизаторлар трактор жөндеу жұмыстарының қаркынын еселеп арттыра түсуде. Олардың күнделік тапсырмаларын 120- 130 процентпен орындауға міндеттеме алғандықтарын хабарлауға рұқсат етіңіздер. Бұл уәдені сөзсіз орындап шығатындығымызға мастерской коллективі атынан сіздерге сенім білдіремін.

Митингі соңында МТС коллективі сегіз ел өкілдерінің Кеңесінде қабылданған Декларацияны бір ауыздан мақұлдап, қарар қабылдады.

Хауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін

Бүкіл совет халқы сыяқты Соколов ауданының еңбекшілері де европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесінің Декларациясын қызу қолдауда. Бұл күндері ауданның колхозларында, МТС-тері мен мекемелерінде Москва Кеңесінің қорытындысына арналған митингілер мен жыйналыстар көптен өтуде.

Соколов машина- трактор станциясы коллективінің Кеңес қорытындысына арналған митингісінде станция механизаторлары Москва Кеңесінің Декларациясын бүкіл дуние жүзі халықтарының бейбітшілікті сақтау мүдделінен туған документ деп қабылдауда. Сонымен бірге олар егер империалистер соғыс өртін тұтандырып, бейбітшілік сүйгіш халықтардың бостандығы мен тәуелсіздігіне қол сұғар болса, оларға өлтіре соққы беру үшін Ұлы Отанымыздың экономикалық күш-қуаты мен қорғанымпаздық қабілетін еселеп арттыра беру жолында қажырлы еңбек ететіндігін мәлімдейді.

Митингіде сөз сөйлеген МТС-тің бас агрономы Буркацкий жолдас былай деді:

—Біз Москва Кеңесінің Декларациясындағы, егер Батыс Германияны қаруландыру жөніндегі Париж келісімдері бекітілетін болса, бейбітшілік сүйгіш халықтар өздерінің хауіпсіздігін нығайту үшін қажетті шаралар қолданады деген шешімді бірауыздан қуаттаймыз. Біз көктемгі егіске дайындықты сапалы және ерте аяқтап, Отанымыздың қорғанымыздық қабілетін нығайта береміз.

—Соғыстың халық үшін қандай апат екендігін біз жақсы білеміз,—деді бұдан кейін сөз алған бақылаушы-механик Морозов жолдас, —сондықтан да біз империалистердің арам ниеттерін іске асыруына жол бермейміз.

Митингіде Москва Кеңесінің Декларациясын бірауыздан қабылдайтын қарар қабылданды және механизаторлар трактор жөндеу мен көктемгі егіске дайындалу жөніндегі жұмыстардың бәрін мезгілінен

Өзіміздің бақытты тұрмысымызды қорғай білеміз

МИНСК. 6 декабрь. (СОТА). Белоруссия ССР-нің барлық қалалары мен селоларында бұқаралық митингтер өтуде. Белоруссияның еңбекшілері европалық елдердің Москва Кеңесі Декларациясын қызу қуаттауда.

Молодеченск ауданы. «Красная Ар-

12 декабрь—халық соттарының сайлауы күні

Ол халық сенімін ақтайды

Гүлденген Отанымызға адал еңбек ету, халық сенімін ақтау, әрбір совет азаматына зор аброй. Мұндай бақытқа ие болу үшін әрбір совет азаматы өз қызмет орнында Коммунистік партиямыздың алға қойған міндеттеріне сай, халық игілігі үшін, совет еңбекшілерінің бақытты өмірін гүлдендіре беру үшін адал еңбек етуге тиіс. Советтің әрбір азаматы осындай мақсатпен еңбек етеді. Олардың бар ойлағаны мемлекет мүддесі, халық мүддесі. Міне, осылардың бірі —қаладағы шағын двигательдер заводының жұмысшы, қызметкерлері мен инженер -техниктерінің № 16 Ленин сайлау округы бойынша судьялыққа кандидат етіп ұсынған Валентина Ивановна Галныкина жолдас.

Валентина Ивановна Галныкина жолдас 1922 жылы республикамыздың астанасында жұмысшы семьясында туды. Оның әкесі —Иван Васильевич Сидельников пен оның шешесі Наталья Яковлевна Сидельникова патшалық Россияның үстемдік жүргізіп тұрған дәуірінде туып, барлық жастық өмірлері мен қызғылықты балалық шақтарын байлар мен жұпеңтердің құлдығы мен күңдігінде өткізді. Тек Ұлы Жәктябрь революциясының жарық таңы атқаннан кейін ғана тең праволы совет азаматтарының қатарына қосылып, өздерінің негізгі мамандықтары — тасшылықпен айналысты. Иван Васильевич пен Наталья Яковлевна балаларын Отан игілігіне адал еңбек ететін азамат болып шығуына ерекше назар аударып, оларды болашақ коммунизм құрылысшыларының қатарына қосылатын сенімді азамат болатындай етіп тәрбиеледі.

Тұрмыс жағдайы күн санап жақсарып, мәдениетті өмір сүрген семьяда өскен Валентина Ивановна Галныкина 1931 жылдың күзінде Алматыдағы № 37 орта мектептің бірінші класына оқуға түсті. Ол оқуды үнемі озат оқып, қоғам жұмысына да белсене қатынасты. Валентина Ивановнаның мектептегі көрсеткен озат ұлгісін комсомол ұйымы жоғары бағалап, 1938 жылы оны Бүкілодақтық Ленинші Жастар Одағының қатарына мүшелікке қабылдады. 1941 жылдың жазында Валентина Ивановна осы орта мектепті үздік бітіріп шықты. Бұдан кейін ол советтік әділ соттың орындаушысы, халық тілегін, мемлекет мүддесін қорғаушы қызметін атқаруды ұнатып, заң қызметкері болуды қалады.

1941 жылдың күзінде Валентина Ивановна Галныкина жолдас Алматыдағы заң қызметкерлерін даярлайтын институтқа түсті. Сол жылдың июнь айындағы немістік басқыншыларының Отанымыздың бейбіт өмірін бұзып, шабуыл жасауы оның қол үзбей оқып, институтты бітіруіне кері әсерін тигізді. Үй семьясындағы қиын жағдай —туған ағасының армия қатарына алынуы, туған әкесі Иван Васильевич Сидельниковтың қайтыс болып, үйдегі жас балалар мен қарт ананы асырау Валентина Ивановнаның қарамағына қалды. Сол 1941 жылдан бастап, Валентина Ивановна Алматының № 51 орта мектебіне аға пионер вожатыйлық қызметке орналасты. Онымен бірге, ол заң институтының сыртқан оқытатын филиалына оқуға түсті де 1943 жылы өз сұрауы бойынша қызметтен босап, институттың үшінші курсына ауысты.

1945 жыл. Ол енді Алматының мемлекеттік заң институтының 4 курс студенті. Валентина Ивановна оқудағы озаттығы, ұқыптылығы мен іскерлігі арқасында жолдастарының арасында зор абройға ие болды. Ол институттың соңғы курсінде оқып жүргенде Коммунистік партияның мүшелігіне кандидат, содан кейін Коммунистік партияның мүшесі болды. Енді оның бар арманы институтты үздік бітіріп, республикамыздың бір облысына жолдама алып, халқымыздың тілегі, отанымыздың игілігі үшін адал еңбек ету еді. Оның бұл арманы орындалды да.

1945 жылдың жазында заң институтын үздік бітірген Валентина Ивановна Галныкина жолдасты Қазақ ССР Заң министрлігі Солтүстік Қазақстан облысында қызмет істеуге жолдама берді. Сол жылдың сентябрь айында Валентина Ивановна қаладағы № 1 участоктік халық судьясы болып сайланды. Ол өзі судья болып істеген жылдарында әрбір азаматтың қаралатын ісінің дұрыс шешілуіне бәсе назар аударды. Партиямыз бен үкметіміздің алға қойған талаптарын негізгі программаға алып, адал еңбек етіп, өзінің инициативалы, талапты жас кадр екенін көрсете білді.

1951 жылы Валентина Ивановна семья жағдайымен Петропавл қаласынан ауысатын болды. Сондықтан, ол сол жылғы халық соттарының сайлауына өзінің жазған арызы бойынша қатыспады. 1952 жылдың апрель айынан 1953 жылдың февраль айына дейін ол қаладағы аяқкиім фабрикасында юрист-консул қызметін атқарды. Ал одан кейін осы уақытқа дейін облыстық нотариус мекемесінің бастығы болып адал еңбек етіп келеді.

Қаладағы алдыңғы қатарлы өндіріс орындарының бірі —шағын двигательдер заводының коллективі ұсынған халық судьялығына кандидат —Валентина Ивановна Галныкина жолдастың Отанымыздың гүлденіп өсіп, көркейе беруі үшін халық сенімін ақтау үшін қызмет ететініне біздің сенім зор.

Ж. МҰҚАНОВ.

В. И. Ленин атындағы клубта

Ленин атындағы клубтың кең залы халыққа толы. Бұлар халық заседательдері пунктінің меңгерушісі заседательдікке

Сайлаушылар өз кандидаттарымен кездесті

Жұрт асығыс. Жүздері жарқын. Бет алысы мұғалімдер институтының үйі. Бұлар—жұмыстан жаңа қайтқан кәсіпорындарының жұмысшылары мен мекеме қызметкерлері. Кешкі аязда сүйкімді шыққан жастардың күлкісі мен әзілі, өзара сөйлескен қарттар дауысымен ұласып, шаттық өмірдің белгісін ақтарықандай. Ағылған жұрт зәулім үйдің есігін ашып ішіне кіріп жатыр.

Жыйналғандар залға лық толған. Олардың ішінде жас сайлаушылар да, бірнеше жылдан бері дауыс беріп келе жатқан қарттар да, өндіріс озаттары мен студенттер де өздерінің кандидаттарын асыға күтуде...

—Жолдастар, — деді жыйналғандарға пагын двигательдер заводының механигі Архиерейский жолдас, —бүгін біз халық судьялығына және халық заседательдігіне ұсынған өз кандидаттарымызбен кездескелі отырмыз. Сондықтан кандидаттармен кездесу жыйналысын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер.

Зал ду қол шапалақтап, жыйналыстың ашылуын қуанышпен қарсы алды. Президиумге еңбек озаттары, студенттер, қарт сайлаушылар келіп отырды. Сөз № 16 Ленин сайлау округі бойынша халық судьялығына кандидат болып ұсынылған Валентина Ивановна Галныкина жолдасқа берілді.

—Біздің бәріміздің негізгі және түпкі мақсатымыз,—деді ол,—коммунизм орнату. Бейбіт, тыныштық өмір сүру. Бізді Советтер Одағының Коммунистік партиясы сол жарқын дәуірге — коммунизм орнатуға тура бастап келеді. Туысқан Коммунистік партия совет халқы жақсы киініп, ішінсе екен, халыққа азық-түлік және өнеркәсіп товарлары жеткілікті болса екен, мәдени-тұрмыс дәрежесі барған сайын жоғары болса екен деген мақсатты ғана көздейді. Бұл мақсатты жүзеге асыру жолында өнеркәсіп пен транспортты, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету программасы белгіленіп, ол ойдағыдай орындалуда.

Спирт заводы мен шағын двигательдер заводының коллективі маған үлкен сенім білдіріп, № 16 Ленин сайлау округі бойынша халық судьялығына кандидат етіп ұсынды. Маған көрсетілген бұл зор сенімді аброймен орындаймын деп сіздердің алдарыңызда уәде беремін.

Мінбеге шағын двигательдер заводының күзетшісі Николай Андреевич Барамзин жолдас шықты. Ол судьяларды халықтың өзі сайлайтынын және сайланған судьялар халық алдында есеп беретіндігін айтты. Сонымен бірге халық заседательдерінің міндеттері мен роліне тоқталды. Барамзин жолдастың өзі де халық заседательдігіне кандидаттыкка тіркелген. Сондықтан ол сөзінің соңында сайлаушыларды өз өмір баянымен таныстырды.

—Мен,-деді ол,—Шығыс Японияның

Соғысқұмарларға соққы

Завод клубына көп адам жыйналды. Олар дуние жүзі халықтары арасында бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі аса маңызды документ — европалық елдердің Москва Кеңесінде қабылдаған Декларациясын талқылауға жыйналған электр изоляциялық материалдар заводының жұмысшылары еді.

Декларацияның тексті оқылып болғаннан кейін мінбеге шығып сөйлегендердің барлығы Батыс Германияны қайтадан қаруландыруға бағытталған Париж келісімінің бейбітшілік тілейтін дуние жүзі халықтарының еркіне қарсы екендігін атап айтты.

Мінбеде Отан соғысының жауынгері Логиновский жолдас.

—Мен Отан соғысына қатыстым. Онда көп адамның апатқа ұшырағанын, қаланың, селоның қыйрап, бүлінгенін өз көзіммен көрдім. Соғысты тек империалистер ғана тілейді. Егер олар тағы да соғыс ашу мақсатымен бейбіт елімізге арам қолдарын сұға қалса, онда біз жаудың әрекетіне екі-үш еселенген соққы беруге әзірміз. Мұны соғыс құмарлар білсін қойсын!

Митингте сөз сөйлеген слесарь Поджидаев, прессовщик Ларькин тағы басқалары Логиновскийдің сөзін қуаттаумен қатар кәсіпорны коллективін қажырлы еңбек етуге шақырды.

Заводтың жұмысшылары мен инженер-техниктерінің митингісі Москва Кеңесінің Декларациясын бір ауыздан қуатта ған қарар қабылдады.

Оқуын сапалы аяқтауға міндеттеме алды.

мия» ауылшаруашылық артелінде. митингте сөз сөйлеген колхозшы Константин Рагунович былай деді:

—Барлық елдердің қарапайым адамдарына соғыстың керегі жоқ. Өткен соғыста фашистік басқыншылардың біздің үйлерімізді күйдіріп, балаларды, әйелдерді және қарттарды өлтіргені әлі есімізде. Мұның қайталануына ешуақытта да жол бермейміз. Өзіміздің жарқын, бақытты тұрмысымызды қорғай білеміз. Бұл бейбітшілік жауларының есінде болсын.

Минскінің соғыстан кейінгі бесжылдықтарда пайдалануға берілген автомобиль заводында —митингте слесарь Кунякин жолдас сөз сөйледі. Өзінің сөзі басқалардың қолдауын тапқан ол былай деп мәлімдеді:

—Москва Кеңесінің қорытындылары барлық адал ниетті адамдарды бейбітшілік пен хауіпсіздік үшін белсене күресуге жігерлендіреді.

не ұсынылған кандидаттармен кездесуге жыйналған № 36,37 және 39 сайлау пунктілерінің сайлаушылары еді. Заседательдікке кандидаттармен кездесу жыйналысын үгіт пунктінің менгерушісі Васильева жолдас ашты.

—Ұсынылған кандидаттардың барлығы да,—деді Васильева жолдас,—өздерінің қажырлы еңбегімен көзге түскен қарапайым совет адамдары. Мысал үшін халық заседательдігіне спирт комбинатының жұмысшылар мен қызметкерлер коллективі ұсынған Раиса Кулишованы алайық. Ол совет мектебінде оқып, тәрбие алған комсомолка. 5 жылдан бері спирт комбинатында жұмыс істеп келеді. Оның күнделікті жұмыс көрсеткіші 120 процеттен кем болып көрген емес. Сонымен бірге ол 4 жыл бойы цех кәсіподақ ұйымын басқарады.

Темір жол станциясы тоқазытқыш

—Мені,—деді ол,—станция коллективі халық заседательдігіне кандидат етіп ұсынды. Бұл мен үшін зор бақыт, көп жылғы еңбегіме берілген жоғары баға. Өйткені халық үшін қызмет етіп, оның мүддесі үшін күресуден артық бізде мақсат жоқ. Ал халық заседателі болу, советтік соттың жұмысына қатысу—халық мүддесін қорғау, деген сөз.

Сөзінің қорытындысында Хоменко жолдас сайлаушылардың көрсеткен сенімдеріне алғыс айтты және олардың сенімдерін ақтау үшін аянбай қызмет ететіндігін білдірді.

—Бізде сайлау әрбір совет азаматы үшін үлкен мереке, —деді қарт сайлаушы Зелинский. Біз халық ұсынған кандидаттар үшін дауыс беруді өзіміздің азаматтық борышымыз деп санаймыз. Халық сеніміне ие болу —үлкен абырой. Бұл үшін біздің кандидаттарымыз аянбай еңбек етулері керек.

сып, 1946 жылы елге оралдым. Содан бері шағын двигательдер заводында күзетші болып істеп келемін. Мені халық заседательдігіне кандидат етіп ұсынған заводтың кәсіподақ ұйымына, бұл ұсынысты қуаттаған сіздерге шын жүректен алғыс айтамын. Сіздердің алдарыңызда маған жүктелген міндеттердің барлығын да мүлтіксіз адал орындаймын деп сенім білдіремін.

Мұнан соң трибунада халық заседательдігіне кандидаттар: Макаров, Решетникова, Степанищева жолдастар шығып сөз сөйледі. Сайлаушылар өздері ұсынған кандидаттардың сөздерін зор ықласпен тыңдады. Олардың қоғам мүддесін қорғай алатындығына сенім білдірді.

Сайлаушылардың өз кандидаттарымен кездесу жыйналысы саяси зор өрлеу үстінде өтті. Жыйналыс соңынан мұғалімдер институты студенттерінің күшімен концерт берілді.

Совет соты социалистік меншік күзетінде

Совет өкметі өмір сүрген алғашқы күндерден бастан-ақ Коммунистік партия социалистік меншікті құруға, нығайтуға және өркендетуге ерекше зор көңіл бөліп келді. Өйткені елімізді социалистік жолмен өзгертудің орасан зор жоспарының жүзеге асырылуы осы міндетті орындап шығуға байланысты болды.

Социалистік меншік коммунистік қоғам орнату ісінде граниттік іргетас болып табылатындықтан В. И. Ленин бұл мәселеге ерекше зор мән беріп, социалистік меншікті талан-таражға салушыларға қарсы, ұрыларға қарсы аяусыз күрес жүргізуді және бұл істе жұмсақтық, табансыздық көрсетушілерді қатаң жазалап отыруды талап етті.

«Байлар мен алаяқтар, бұлар—бір медальдің екі жағы,—деп жазды В. И. Ленин,—бұлар капитализм асырап өсірген арамтамақтардың басты-басты екі тобы бұлар—социализмнің басты жаулары, бұл жауларды бүкіл халықтың ерекше бақылауына алу керек, бұлар социалистік қоғамның ережелері мен заңдарын сәл ғана бұзатын болса да, онда оларды аяусыз жазалау керек. Бұл жөнінде өлсіздіктің қандайы болса да, солқылдақтықтың қандайы болса да, сентименталдық етудің қандайы болса да социализм алдында орасан зор қылмыс жасағандық болар еді». (В. И. Ленин, шығармалар, қазақшасы, 26-том, 407-бет).

В. И. Ленинніңбұл нұсқауын басшылыққа ала отырып, совет соты өзі ұйымдасқан алғашқы күндерден бастан социалистік меншікті талан-таражға салушыларға қарсы аяусыз күрес ашты.

Коммунистік партияның басшылығы арқасында совет халқы біздің елімізде коммунистік қоғамның алғашқы фазасын —социализмді орнатты. Еңбекшілердің бұл тарихи жеңісі 1936 жылы қабылданған ССРО Конституциясында бекіді. Конституцияның 4 статьясында, ССРО-ның экономикалық негізін шаруашылықтың социалистік системасы және өндіріс құралдарына социалистік меншік құрайды, деп жазылған. Мұны басшылыққа ала отырып, Советтік Конституция совет азаматтарын қоғамдық, социалистік меншікті советтік құрылыстың қасиетті және мызғымас негізі ретінде, бүкіл еңбекшілердің ауқатты және мәдениетті тұрмысының қайнар көзі ретінде сақтауға және нығайтуға міндеттейді. Қоғамдық, социалистік меншікке қол сұғушылар халықтың жауы болып табылады делінген Конституцияда.

Коммунистік партия былай деп үйретеді: қоғамдық меншікті ұрлауға немесе талан-таражға салуға жол беру — мейлі бұл арада сөз мемлекеттік меншік жөнінде, мейлі колхоз -кооперативтік меншік жөнінде болсын бәрі бір —мұндай жүгенсіздікті көрмеу, не көре тұра оны елемеу советтік құрылыстың іргесін шайқалтуға көмектесу болып табылады. Өйткені советтік құрылыс қоғамдық меншікке негізделген.

Совет заңдары социалистік меншікті қырағылықпен күзету қызметін атқарып отыр. Өз дамуының бүкіл барысында Совет өкметі социалистік меншікті талан-таражға салушылықпен күресін келеді. Советтік құрылыстың негізі ретінде социалистік меншік әресе социалистік мемлекеттің дамуындағы екінші фазада ерекше маңызға ие болды.

Бұл кезеңде «Мемлекеттік кәсіпорындарының, колхоздар мен кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық, социалистік меншікті нығайту туралы» 1932 жылғы 7 августағы тарихи заң шықты. Бұл заң мемлекеттік және колхоз-кооперативтік меншікті нығайту күресінде үлкен роль атқарды. 1932 жылғы 7 августағы заң советтік әділ соттың қолында социалистік меншікті талан-таражға салушыларға қарсы күресте қуатты жазалаушы құрал болып табылды.

Социалистік мемлекеттің дамуындағы екінші фазада ССРО-ның саяси және экономикалық қуатының артуы социализмнен коммунизмге өту кезеңінде советтік құрылыстың негізі ретіндегі социалистік меншіктің маңызын анағұрлым арттырады. Совет халқының моральдық-саяси бірлігінің нығаюы, еңбекші бұқараның саяси саналылығы мен материалдық әл-ауқатының артуы қылмыстылықты азайтты, мемлекеттік, қоғамдық мүліктердің талан-таражға салынуы азайды. Алайда кейбір артта қалған элементтер тарапынан, адал еңбек етуді қаламай мемлекет қалтасына, халық мүлкіне өзінің арам қолын сұғатындар тарапынан болатын хауіп әлі жойылған жоқ. Сондықтан советтік сот орындары социалистік меншікті қырағылықпен күзету ісінде тынбастан еңбек етуге тиіс.

Социалистік меншікті күзетудің маңызы әсресе Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін, Совет халқы халық шаруашылығын қалпына келтіруге және онан әрі өркендетуге кіріскен кезде зор маңыз алды. ССРО Жоғарғы Советі Президиумының «Мемлекеттік және қоғамдық мүлікті талан- таражға салғандық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» 1947 жылы 4 июньдегі Указы социалистік экономиканың дамуындағы жаңа кезеңді бейнеледі. Партия мен үкметтің бүкіл халықтық байлық пен қоғамдық меншікті сақтаудағы күресіндегі саясатын көрсете отырып, бұл Указ социалистік әділ соттың қолында, халықтың қолында жаңа қуатты құрал болып табылады.

Бұл Указ халық дәулетін талан-таражға салушыларды қатаң жазалайды. Мемлекеттік меншікті ұрлаушылар 7 жылдан 10 жылға дейін еңбек түзеу лагеріне жазаланады, ал колхоз-кооперативтік немесе қоғам мүлкін ұрлаушыларға 5 жылдан 10 жылға дейін түрмен жазасы беріледі. Бұл екі жағдайда да қылмыстылардың мал, мүлкі конфискаланады.

Қайталанған, топ болып ұйымдасқан немесе кең көлемді жасалған ұрлықтың ерекше хауіпін еске алып Указ ұрлықтың мұндай түрі үшін анағұрлым қатаң жаза қолдануды, мемлекеттік мүлікті ұрлаған болса 10 жылдан 20 жылға дейін, ал қоғам мүлкін ұрлаған болса 8 жылдан 20 жылға дейін еңбек түзеу лагерлерінде тұтқын жазасын беруді, айыпкерлердің мал, мүлкін конфискалауды көздейді. Қылмыстың мұндай түріне ССРО Жоғарғы Советінің 1953 жылғы 27 марттағы Указы бойынша да кешірім жасалмады.

Социалистік меншікті қорғау ісінде, оны талан-таражға салушыларға қарсы күрес жүргізуде советтік сот зор роль атқарады. Ол социалистік меншікті ұрлау, талан-таражға салу жөнінде нақтылы істерді қарайды. Соттың бұл міндеті ССРО Конституциясында және ССРО-ның, одақтас, автономиялық республикалардың сот құрылысы жөніндегі заңда айқын көрсетілген.

Советтік сот өзіне жүктелген міндетті аброймен жүзеге асырады. Ол қоғамдық, социалистік меншікке қол сұғушыларды қатаң жазалап келеді. Бұған мысал ретінде жақында болған бір сот процесін айта кетуге болады. Замерчук деген ешқайда жұмыс істемей, қылмыс жасау мақсатымен біртоп адамдармен байланыс жасаған. Оның тобы совхоздың астығын ұрлаған. Булаев ауданының № 1 участоктік халық соты Замерчукты және оның сыбайластарын еңбек түзеу лагеріне 20 жыл тұтқынға алу жазасын беру жөнінде үкім шығарды. Солтүстік Қазақстан облыстық соты халық сотының үкімін күшінде қалдырып, айыпкерлердің шағымдарын қанағаттандырмады.

Советтік сот ССРО азаматтары мен азаматшаларын социалистік меншікті көздің қарашығындай сақтау рухында, қырағы болу рухында тәрбиелейді. Ол өзінің жұмысында үкметіміздің сот жұмысын жүргізу жөніндегі нұсқауларын әрқашан басшылыққа алып отырады. Сөйтіп ұрларға қарсы күреске көпшілікті ұйымдастырады. Советтік соттың қарарлары әрқашан еңбекшілердің зор қолдауын тауып отырады. Өйткені оның қарарлары халық мүддесін, мемлекет мүддесін көздейді.

Біздің елімізідің еңбекшілері өздерінің жеке тұрмысының жайы социалистік мемлекеттің экономикасына тікелей байланысты екенін, халық дәулетін талан-таражға салушылар мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретінін жақсы біледі. Сондықтан совет адамдары соттың социалистік меншікті қорғау жөніндегі жұмысына үнемі белсене көмектесіп келеді. Жұмысшылардың, колхозшылардың, қызметшілердің қырағылықтары нәтижесінде социалистік меншікті талан-таражға салушылардың талай істері әшкереленді. Алайда, социалистік қоғам моралінің жоғары дәрежесінде бола алмай жүрген кейбір адамдар жоқ емес. Мұнлай адамдар өзінің санасындағы капиталистік қалдықтың шырмауынан шыға алмай «менің жұмысым жоқ, не болса сол болсын» деген принципті ұстайды. Мұндай адамдар социалистік меншікті талан-таражға салу жөніндегі фактілерді қабарлауды өзінің борышы деп санамайды. Біздің социалистік қоғамда халық мүддесіне немкетті қараушыларға төзуге болмайды. Сонықтан ССРО Жоғарғы Советінің 1947 жылы 4 июньдегі Указы қоғамдық, мемлекеттік мүлікті ұрлау немесе ұрлауға дайындалу фактілері жөнінде заң орындарына білгендерін хабарламағаны үшін қылмыс жауапкершілігіне тартуды белгіледі.

Мемлекеттік, сондай-ақ қоғамдық мүлікті талан-таражға салу жөніндегі істерді қараған сот процестері қылмысты алдын-ала ескерту ісінде зор роль атқарады. Өйткені сот айыпкерлерге, сондай-ақ қатысып отырғандарға үлкен ықпал жасайды.

Сонымен қатар халық соттарының социалистік меншікті нығайту жөніндегі жұмысының басты біртүрі советтік заңды насихаттау болып табылады. Сайлаушылар алдарында өздерінің жұмысы жөнінде, халық судьялары мен халық заседательдері есеп береді. Мұндай жыйналыстарда колхозшы шаруалар, жұмысшылар, қызметшілер социалистік меншікті сақтау жөніндегі істе орын алған кемшіліктерді батыл жою туралы батыл ұсыныстар жасайды.

Соттың көшпелі сессияларының жұмысы еңбекшілерге көп тәрбиелік әсер етеді. Өйткені көшпелі сессия істі сот залында емес, қылмыстың болған жерлерінде қарайды. Оған еңбекшілер көптеп қатысады. Мұнын өзі еңбекшілерді социалистік меншікті көздің қарашығындай сақтау рухында тәрбиелеу ісіне көп әсер етеді. Советтік соттың халықтық сыпаты жұмысты неғұрлым дұрыс жүргізуге мүмкіндік туғызады.

Совет өкметінің алғашқы күндерінен бастап біздің елімізде әділ сот демократиялық негізде сайланған халық соттары арқылы жүзеге асырылып келеді. ССРО Конституциясы қабылданғаннан бергі жерде халық соттары аудан азаматтарының жалпыға бірдей, тәте және тең сайлау, жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

ССРО Конституциясының 9 статьясы және сот құрылысы туралы заңның 103 статьясы бойынша халық соттарындағы барлық іс халық заседательдерінің қатысуымен шешіледі.

Фабрикадан, заводтан, колхоздан, совхоздан және басқа кәсіпорындарынан келген халық заседательдері сот процесіне өмірді терең білумен, халық бұқарасының ықласын білумен қатысады. Мұнын өзі сот құрамына жұмысты дұрыс және әділ шешуге көмектеседі. Сонымен қатар халық заседательдері социалистік меншікті қорғайтын советтік заңды насихаттаушы болып табылады. Олар өздерінің әңгімелері мен баяндамаларында кәсіпорынның өмірінен алынған нақтылы фактілер келтіріп, тыңдаушыларға советтік заңның мазмұнын терең түсіндіреді.

Советтік соттың социалистік меншікті қорғау жөніндегі жұмысының зор саяси маңызы бар. Советтік сот мемлекеттің экономикалық негізін нығайтады, өздерінің қылмысты істерімен халық мүддесіне нұқсан келтіруші лерді қайта тәрбиелеуге көмектеседі. Социалистік меншікті қорғау жолында қажырлы күрес жүргізе отырып, советтік сот біздің елімізде коммунистік қоғам орнату ісіне үлес қосады.

А. ЯРХО,

Қазақ ССР-ның саяси және ғылми білімдер тарату қоғамының толық мүшесі.

Сапалы тұқым—мол өнімнің негізі

☆ ☆ ☆

Тұқым әзірлеуге мән берілмеген

СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумы астық шығымдылығын онан әрі арттыра беру—тұқымның сапалы және дерекзінде дайындалуына тікелей байланысты екенін атап көрсетті. Сондықтан алдағы жылдың егінінен мол өнім алу үшін күрес тұқым әзірлеуден басталуға тиіс. Колхоздар алдында бұл жөнінде көптеген міндеттер тұр. Алдымен тұқымды тазарту, сорттау, оның шығымдылығын және кондициялығын тексерту қажет. Булаев ауданының кейбір колхоздарында тұқымға деп қуйылған астықтың жайы нашар болып отыр.

Булаев МТС-нің қамтуындағы колхоздарда тұқым жую жоспарының 84,9 проценті ғана орындалған. Атап айтқанда, жоспарлы бидай тұқымы 78 процент, картоп тұқымы 37 процент қуйылған. Жүгері, күнбағыс, көкжылдық шөп дақылдарының тұқымы мүлдем жоқ. Ал қолда бар тұқымның өзі тазаланып, кондицияға жеткізілмеген. Демек тұқымдық дақылдар ұзақ уақыт ұшырынды, үсіген шірінді сығақты бүлдіргіш дәндермен аралас жатыр. Бұл, сөз жоқ, тұқым сапасын күн санап кеміте беретін жағдай.

Солай бола тұрса да, аталған МТС қамтуындағы колхоздардың қолда бар тұқымдық дақылдарының небары 23 проценті ғана тазартылған. Бұл тазартылған 9155 центнер тұқымның тексеруде 1800 центнері тазалаудың сапасыздығынан тиісті кондицияға жетпеді.

Бұл жағдай әрбір колхозға үлкен жауапкершілік артатын іс. Булаев МТС-і қамтуындағы колхоздардың көпшілігінде тұқым тазарту жұмысы әлі шындап қолға алынбай, бетімен жіберілуде. «Страна советов», «Коминтерн», Сталин атындағы колхоздарда бірсыпыра тұқым өлшенбеген, тазаланбаған дымқыл күйінде амық қырмандарда жатыр. Сондықтан олар қыза бастаған. Сталин атындағы колхозда 30 центнерден аса сулы күйіп, тұқымдыққа жарамсыз болып қалды.

Колхоздардағы қуатты астықтазартқыш «ВИМ» машинасы өнімді пайдаланылмайды. Мысалы, «Страна советов», «Коминтерн» колхоздарында машина нормасының төрттен бірі ғана орындалса, Сталин атындағы колхозда будан да нашар, күніне 5 центнер ғана тұқым тазартылады. Сейтіп қолда бар тұқымды қажетті кондицияға жеткізу және оның өнгіштік сапасын арттыру ісі төзгісіз кешеуілдетілуде. Мұның өзі алдағы егіс шығымына кесір тигізеді деген заңды хауіп тудыруда. Ал осы колхоздардағы агроном Диреев, Кучанский, Айсанов жолдастар егіншілік жұмысына тікелей басшылық етіп, бұл саладағы агротехникалық шаралардың бұрмаланылуына жол бермеулері тиіс.

Аталған колхоздардағы тұқым әзірлеу жұмысының көзіргі барысы Булаев МТС-нің директоры Лепехин, бас агрономы Писарков жолдастардан бұл іске басшылық

Тұқымды тазарту, сақтау жұмыстары жақсартылсын

СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарынан 1954 жылдан бастап әрбір колхоз бен совхоздың сапалы сортты тұқыммен толық қамтамасыз етілуін талап етті. Бұл өте орынды және заңды талап. Өйткені астық өндірісін арттыруда тұқым шаруашылығы шешуші роль атқарады. Демек әрбір егістік жерлердің ауа райы ерекшеліктеріне бейімделген жоғары сортты тұқымы болмайынша, егіннен тұрақты мол өнім алуға жетісу мүмкін емес.

Совет МТС-нің алдыңғы қатарлы колхоздары биыл келесі жылдың егістері үшін тұқым әзірлеу жұмысын шаруашылықтың басқа салаларындағы күрделі жұмыстармен қат-қабат жүргізді. Сейтіп, әсресе дәнді дақылдар егісі үшін керекті тұқым қорын жеткілікті мөлшерде қуйып алды. Бұған мысал ретінде Ленин атындағы колхозды алуға болады. Бұл колхоздың мүшелері тұқым қорын мол қуюмен қанағаттанбай, оны тазарту, себу сапасына жеткізу жұмыстарын ұйымшылдықпен жүргізді. Осының нәтижесінде қолда бар дәнді дақылдар тұқымы көзірдің өзінде түгелімен бір рет тазартудан өткізілді, оның едәуір бөлігі шығымдылығы бойынша да, тазалығы бойынша да себу сапасына жеткізілді. Колхозшылар тұқымдық дәнді ұқыптылықпен сақтау ісіне ерекше назар аударуда.

Бірақ тұқымды әзірлеу, сақтау ісі МТС қамтуындағы барлық колхоздарда бірдей жақсы деуге болмайды. Ең алдымен көптеген колхоздар дәнді дақылдар тұқымын келесі жылдың егісіне жеткіліктi мөлшерде әзірлей алмады. Міне осының салдарынан МТС қамтуындағы колхоздарды түгас алғанда оларда керекті тұқымның небары 63 проценті ғана бар. Соның өзінде бірсыпыра колхоздың басшылары тұқымдық участоктерді жыйнау, бастырыған тұқымдық дәнді сақтау, тазарту, кептіру жөніндегі агротехникалық ережелерді ерескел бұрмалады. Мұның ақыры әзірленген едәуір тұқымның сапасының кемуіне әкелін соқтырды.

Сөзімізді дәлелдеу үшін «Аралағаш» колхозындағы тұқым әзірлеу жұмысының жайын мысалға келтірейік. Бұл колхозда келесі жылдың барлық дәнді дақылдар егістері үшін керекті тұқымның 47,5 проценті-ақ қуйылған. Колхоз басшылары тұқымдық дәнді сақтауды нашар ұйымдастыруы салдарынан әзірленген тұқымның едәуір бөлегі шығымдылық сапасын кеміткен. Осыған қарамастан қолда бар тұқым мұнда әлі күнге дейін нашар жабдықталған қоймаларда сақталуда. Ал колхоз председателі Құрманбаев жолдас тұқымды тазарту жұмысын ұйымдастыруды ескермей келеді. Колхоздағы тұқым тазартатын машиналар, веялкалар, сортировкалар, трейерлер әлі күнге дейін пайдала-

зартуға жарамды сортировкалар, веялкалар да бар. Бірақ осындай мүмкіншіліктері бар бола отырып, тұқым тазарту жұмысын ұйымдастыруды колхоз басшыларының ескермеуі таңқаларлық іс. Бұл колхозда 1429 центнер бидай тұқымы тазалығы жөнінде, 1844 центнер тұқым ылғалдығы жөнінде себу сапасына келтірілмеген. Сонымен бірге колхоз басшылары қолда бар тұқымның шығымдылық сапасын тексеруді ұйымдастыруға да мән бермей отыр.

Колхоздарда тұқымдық дәнді сақтау, тазарту, шығымдылық сапаға жеткізу жұмысының мұншама қанағаттанғысыз жүргізілуіне алдымен МТС басшылары, әсресе оның бас агрономы Борзаковский жолдас кінәлі. Өйткені ол колхоздарда өте сирек болады. Олардағы тұқымдық дәннің сақталуы, тазартылуы қалай болып отырғанын қадағаламайды. Тіпті, Борзаковский жолдас тұқымдық дәнді сақтау, тазарту жөнінде колхозшыларға агрономиялық кеңес беруді ескермейді. Тұқым тазарту жұмысын ұйымдастыруды колхоз басшыларынан қатаң талап етпейді.

«Борьба за коммунизм» колхозында тұқымды сақтау ісінде иесіздік жол алған. Мұнда 150 центнерден астам бидай тұқымының қызып, пайдалануға жарамсыз болып қалуы осындай иесіздіктің салдары деуіміз керек. Ол-ол ма, тұқым қоймаларының нашар жабдықталуынан, оларға күзет қою ісі бетімен жіберілгендігінен тұқымдық дәннің талан-таражға түсу фактілері орын алып отыр. Бірақ бұл жағдай колхоз председателі Әубаев жолдасты қынжылтатын көрінбейді. Ол тұқымды дұрыс сақтау ісін әлі де болса жолға қоюдың тиісті шараларын жүзеге асыруды қамтамасыз етпей келеді.

Кәзір колхоздардың егістік алаңдарына қар тоқтатудың қызу мерзімі туды. Бұл жұмысты үлгілі өткізу оған аллын-ала әзірлікке байланысты. Бірақ, амал не Совет МТС-нің қамтуындағы колхоздардың басшылары бұл маңызды іске мән бермей келеді. Күні осы уақытқа дейін бірде-бір колхозда егін алаңдарына қар тоқтататын қалқандар жасау жұмысы ұйымдастырылмаған. Қар тоқтату жұмысын бастауға МТС басшылары да асығатын көрінбейді. Борзаковский жолдастың «қар әлі жуқа, оны тоқтатуға уақыт жетеді», деуі міне осындай жайбарақаттықты көрсетеді.

Келесі жылдың егістері үшін жоғары сапалы тұқымды жеткіліктi мөлшерде әзірлеу және оны тазарту, сақтау жұмыстарын үлгілі ұйымдастыру —көзіргі аса маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан да бұл іске аталған МТС-тің қамтуындағы колхоздардың басшылары жаңды басшылық жасауға тиіс. Ал МТС басшылары бұл жөнінде колхоздарға күнбе-күн көмек көрсетулері қажет. Сонымен бірге барлық колхоздарда қысқы агротехникалық ша-

ШАХТАЛАРДАҒЫ КҮНДІЗГІДЕЙ ЖАРЫҚ БЕРЕТІН ШАМДАР

ЛЕНИНОГОР, (ҚазТАГ). Лениногор полиметалл комбинатының Окиповая шахтасының руда өлеті кеншілерді жердің үстінен жүздеген метр тереңдікке ешбір дыбыссыз түсіріп тұрады. Міне жер астына түсетін жолдың ақыры. Электр жарығының сәулесіне бөленген кең үйдей жан-жақта кен шығаратын қуыс жолдар таралады, оларға да электр жарығы түсіп тұр. Алыста светофорлардың қызыл және жасыл оттары көрінеді, олар электр поездардың жүрісін реттеп тұр.

Кәзір комбинат рудниктеріндегі электр жарығы бар жер астындағы жолдардың ұзындығы ондаған километр болады. Кеншілер әрбір адамға берілетін қарбид шамдардың орнына анағұрлым қолайлы аккумуляторлық прожектор қондырғыларын алды.

Лениногор комбинатының жер астындағы кәсіпорындарында күндізгідей жарық беретін шамдар түгіп орнатылды. Диспетчерлік пультке, су ағызатын станцияға, электр қуатын беретін көмекші станцияға осы шамдардың жарығы түсіп тұрады.

РЕСПУБЛИКАНЫҢ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Жамбыл қант комбинаты ноябрьдің өндірістік программасын орындады. Маусым басталғаннан бері 800 тонна-ға жуық көмір, көп электр қуаты үнемделді. Инженерлер Доронченко және Полунина жолдастардың сменалары социалистік жарыста алда келеді. Бұл сменаларда еңбек өнімділігі өткен жылғымен салыстырғанда бес процент артты.

Комбинат коллективі бесжылдық жоспарды 1955 жылғы 25 декабрьге орындап, өндірістік шығындарды азайту есебінен кемінде 400 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеуге міндеттеме алды.

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Шымкент шұлық фабрикасының коллективі бесжылдық жоспарды 1955 жылғы 15 сентябрьге орындау үшін жарысуда. Онбір айдың өндірістік программасын мерзімінен бұрын орындап, фабрика декабрьдің есебіне өнім беруде. Кәсіпорынның барлық жұмысшылары сменалық норманы артығымен орындайды. 15 бригада мінсіз сапалы жұмыс істейтін бригадалар болып табылады.

КӨКШЕТАУДА ҮЙ САЛАТЫН КОМБИНАТ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Мұнда үй салатын комбинаттың құрылысы басталды. Комбинат жергілікті материалдан құрастырмалы үйлер жасайтын болады. Комбинаттың бірінші кезегі алдағы жылдың сентябрінде іске қосылғаннан кейін кәсіпорын жылына бес мың қамыс үй жасай алады. Мұнымен бірге, үй салуға қажетті әртүрлі столярлық бұйымдар жасау көзделіп отыр.

Келешекте комбинат қалқаннан құрастырмалы ағаш үйлер де жасап шығаратын болады.

ЖАҢА АСТЫҚ СОВХОЗДАРЫНДА

ПАВЛОДАР, (ҚазТАГ). Облыста жаңадан 27 астық совхозы ұйымдастырылып жатыр. Ертістің жағасындағы ақ қар баскан



Шағын двигательдер заводында үстіміздегі жылды өндірістік жаңа табыстармен аяқтау үшін социалистік жарыс кең өріс алуда. СУРЕТТЕ: осы заводтың токарі П. Баянов жолдас. Ол әр смена сайын біржарым нормадан орындайды.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

☆

Мамлют заводының мотор цехы туралы

Мамлют жөндеу заводының басшылары мотор цехының коллективі трактор моторларын жөндеудің өндірістік жоспарын айдан айға орындап келеді, деп цех жұмысын мақтай сөйлейді.

—Цех айына неше мотор жөндеп шығарады? —деп сұрадық біз, заказдар столының бастығы Ковшов жолдастан.

70-тен артық емес, —деді ол.

Рас цехта бірнеше жолдастар қажырлылықпен еңбектенуде. Мәселен слесарлар Я. Плюснин, Н. Котов, токарь И. Пояркин, бақылау мастері М. Левин жолдастардың есімдері завод коллективінің жақсы таныс. Бұл жолдастардың әркайсысы сменалық нормасын біржарым- екі еседен орындап, кәзір 1956-1957 жылдардың есебіне өнім беруде. Бұлар моторларды жөндеу сапасын жақсартуда бірталай бағалы жұмыстар істеп, өнімнің өзіндік құнын кеміте түсті. Әрине, бұл сүйсінерлік іс.

Бірақ цехты тұтас алғанда оның кәзіргі өнім мөлшері 1952-1953 жылдардың өнімінен аспай отыр. Осындай жағдайды цех бастығы Егоров жолдастың өзі мойындап және оны өкінішпен айтады.

—Мотор жөндеу қарқынын екі есе арттыруға да мүмкіншілігімiз бар. Алайда сол мүмкіншіліктi, демек, өндірістік алаңды, қолда бар резервті және адамдардың өскен саяси және еңбек белсенділігін іске пайдалануымыз нашар, —дейді ол.

Облыс МТС-терінен әкелінген көптеген моторлар цехқа жақын жерде. Оларды кранның көмегімен бір адам цех ішіне енгізіп тұрады. Көтеру, тасу жұмыстары электр күшімен атқарылады. Кран жетісегіз жұмысшыны еңбекті көп керек ететін жұмыстан босатқан. Ол үстіміздегі жылы орнатылған болатын. Сол сығақты, моторды цех ішінде қозғау, көтеру жұмыстарын, жөндеу қарқынын ұлғайтудың қажет екендігін айтады. Бұл өте орынды ұсыныс. Алайда осы орынды ұсыныс завод басшылары тарапынан қолдау талап жүр.

Үстіміздегі жылы облыс МТС-терінің көптеген жаңа тракторларды алғаны мәлім, —дейді цех бастығы. —Олай болса біздің заводқа күрделі жөндеуден өткізу үшін моторлардың келіп жататыны да даусыз. Ал бұл мәселе облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшылары мен завод дирекциясын ойландыруға тиіс еді. Бірақ іс жүзінде олай болмай отыр.

Цех коллективі завод басшыларының алдына бекіту шайбыларын әзірлеу, шағунды орналастыру, тағы басқа еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру туралы мәселе қойып келеді. Сөйте тұрса да завод дирекциясы мотор бөлшектерін механикаландырылған әдіспен әзірлеуге мүмкіншілік беретін арнаулы штамптарды іске қоспай, оларды қоймада сақтап отыр. Егер олар іске қосылса бір штамп сменасына бір айға жетерлік бөлшектер жасап бере алады, не пайда, заводтың бас инженері Зернов жолдас мұны ескермей, тіпті ол бөлшектердің қолмен өндірілуін «тиімді» деп санайды.

«С—80» тракторының ауыр моторын механикаландырылған әдіспен стендке қоятын үш тонналық тельфер завод қоймасында пайдаланылмай жатқанына екінші жыл. Оны орнатып, іске қосу екі-ақ күндік жұмыс. Нете екені белгісіз, завод директоры Железнов жолдас тельферді іске қоспай, онсыз жұмыс істегенді жақсы көреді.

Цех қыс жағдайында жұмыс істеуге бейімделмеген, оның іші суық. Электр қуаты үнемі берілгіп тұрмайды. Электр қуатының берілмеуінен кейде цех жұмыс

М. БЕЛГІБАЕВ.

ЖАҚСЫ ТАЗАРТЫЛДЫ

Мамлют ауданы, Вильямс атындағы колхоздың егіншілері дала жұмыстары аяқталысымен тұқым тазалауды қызу қолға алған болатын. Бұл жұмысқа бір «ВИМ» және бірнеше вязалкалар бөлінді. «ВИМ» дәнтазартқыш машинасы «СТЗ» тракторының күшімен жүреді.

Тұқым тазалауға күн сайын 12—15 адам қатысады. Солардың ішінде ауылшаруашылық артелінің мүшелері Клавдия Сизяненко, Анисия Тупова, Евдокия Сизяненко жолдастар ерекше белсенділік көрсетіп жүр. Олар күнделікті норманы 115—120 процентпен орындайды. Колхозшылардың жоғары өнімді еңбек етуіне «ВИМ» -нің тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етіп машинист Антон Семенец үлкен көмек көрсетуде.

Колхозда тазартылуға тиіс үш мың центнер бидай тұқымының екі мың центнерден артығы көзірдің өзінде тазартылып, кондицияға жеткізілді.

Х. РАХМЕТОВ.

«Еркіндік» және Молотов атындағы колхоздарда да осындай.

Тіпті «Совет» колхозының председателі Бондаренко жолдас «тұқым тазартуды бастау үшін МТС-тен «ВИМ» машинасының келуін күтіп отырмыз»,—дейді. Колхозда алаң күші жеткілікті. Тұқым тазартылай үйымдастыру керек. Өйткені бұл шараларды өз дәрежесінде жүргізбейінше, егіннен тұрақты мол өнім алуды қамтамасыз ету мүмкін емес екендігін ұмытуға болмайды.

Ш. АРҒЫНБАЕВ.

Келесі егістің қамы

Ленин ауданы, «Бұлақ» колхозының колхозшылары үстіміздегі жылы бітік егін өсіруімен бірге, келесі жылы егіннен жоғары өнім алу үшін тұқым күю ісіне ерекше мән беруде. Колхозда тұқым тазартуға және оны салалы сақтауға жағдай туғызатын 10 мың центнерлік бір қойма жаңадан салынды. Көзір колхоздың тұқымдық дәнді дақылдары негізінен осы қоймада сақталулы.

Колхоз жоспар бойынша 9470 центнер тұқым күюға тиіс еді, көзір мұнда 10600 центнерден аса тұқым бар. Бір қуанарлық іс —колхозда тұқым қорының әр сорттылығы. Атап айтқанда, мұнда «смена», «гордейформе— 10», «мильтурум—553», «акмолинка —1» сортты дәнді дақылдар тұқымы бар. Көзір бұлардан «мильтурум—553», «акмолинка—1» тұқымдары түгел тазартылып кондицияға жеткізілген. Аз күн ішінде колхоздағы дәнді дақылдар тұқымы түгел тазартудан өткізіліп, шығымдылығы тексеріледі.

Колхоз тұқым тазарту жұмыстарымен бірге егістік жерге қар тоқтату ісін де ұштастыра жүргізуде. Мұнда 229 гектар жерге қар бөгетіш бума баулар тасталды. Қар жалыңдасымен трактор және көлікке тіркейтін өнімді қаржыртқыштар іске қосылады.

Ә. ИЛЬЯСОВ.

МОЛ ӨНІМНІҢ КЕПІЛІ

Егістікте қар қалың болса, қамбада астық та мол болады, дейді халық мәтелі. Қыста қар тоқтатудың, әсресе, Қазақстанның жаңа жерлер игеріп жатқан далалы аудандарындағы шаруашылықтар үшін ерекше зор маңызы бар. Мұнда топырақ ылғалдандыру егіннен мол өнім алудың шешуші шарты болып табылады.

Қыста жел жыртылған егіс даласындағы қарды көп жағдайда ұшырып әкетеді. Мұның салдарынан топырақтың ылғалдылығы азаяды, егіннің шығымдылығы, әсресе, қуаңшылық жылдарда шұғыл кемиді. Бірақ республикамыздың озат колхоздар мен совхоздарының тәжрибесі, сондай-ақ тәжрибе мекемелерінің зерттеулері қысқы жел қарды егіс даласынан ұшырып әкетумен бірге оны егіс даласына ұшырып әкелетінін де көрсетті. Орал мен Қарабалық селекция станцияларының зерттеулері және Шортанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясында жүргізілген тәжрибелер қар тоқтату арқылы табиғи қардың қалыңдығын 2-3 есе арттыруға болатындығын дәлелдеді. Орал селекция станциясының көп жылдық мәліметтеріне қарағанда, жаздық бидайдың шығымдылығы қар тоқтату нәтижесінде гектарына 4,5-5 центнер, тарының шығымдылығы гектарына 5-7 центнер, ал көпжылдық шөптердің пішен өнімділігі екі есе, тіпті кейбір жылдарда үш есе артады.

1954 жылғы жазда Қазақстанның колхоздары мен совхоздары қар тоқтату мақсатымен көлемі 2,2 миллион гектар парға биік сабақты өсімдіктерден ықтырмалар екті. Ықтырма негізінен пар жыртылған тың және тыңайған жерлерге егілді. Мұндай ықтырмалар егіс даласында тоқтатылған қардың қалыңдығын 50-70 сантиметрге дейін жеткізуге, сөйтіп топырақтың жақсы ылғалдануын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бірақ ықтырмалар тек парларда ғана егіліп, өсіріледі. Сондықтан басқа егістіктерде, сондай-ақ июльде және одан кейінірек жыртылған тың және тыңайған жерлерде қар тоқтату жұмыстары басқа әдістермен жүргізілуі тиіс. Трактор қаржыртқыштардың көмегімен қар тоқтату ең тиімді болатынын Орал селекция станциясы мен Шортанды ауылшаруашылық тәжрибе станциясының мәліметтері көрсетіп отыр. Бұл әдістің басқа әдістерден тиімділігі мынада: ол жұмыстарды механикаландыруға, демек, қар тоқтатылатын жер көлемін едәуір ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстанның озат колхоздары мен совхоздарының практикасында Орал селекция станциясының конструкциясымен жасалған трактор қаржыртқыштар- қаржыртқыштарды қолдану кеңінен тараған. Бұлардың жұмысындағы ерекшелік сол: мұндай қаржыртқыш қарды ысырып, тығыздан жал-жал етіп үйіп кетеді. Оның құрылысы қарапайым. Ол ұзындығы үш метр, биіктігі 0,6-0,7 метр екі бүйір қабырғадан құралған. Олар бір-бірінен қар қабылдайтын алдыңғы тұста 2,5 метр, ал кейінгі жақта 0,6-0,7 метр алшақтықта орналастырылған. Мұндай конструкциялы қаржыртқыштарды республикамыздың заводтары жасайды.

Жауған қардың қалыңдығы 8-10 сантиметрге жетісімен-ақ қар үйіндісін жасай бастау қажет. Трактор қаржыртқыштары ныңыздалған қар үйінділерін үнемі соғып тұратын жел бағытына бөгет болатындай етіп үйеді, мұнда егер С—18 тіркеме пайдаланылған болса қар үйінділер бір-бірінен 8-9 метр, ал С-11 тіркеме пайдаланылған болса, 5,5 метр қашықтықта орналастырылады. Универсалдық тіркеменің доңгелектерін алып тастап, оның орнына сырғытпалар орнату қажет.

«ДТ-54» және «СТЗ-НАТИ» тракторлары әдетте осындай үш қаржыртқышпен жұмыс істеп, күніне 100 гектардай жерде қар үйінділерін жасайды.

Тоқтатылатын қардың неғұрлым қалың болуы және қандай да болса бағыттан жел соққанда қар тоқтата алатын болу үшін қар жалдарын егіс даласына ұзынынан және кесе-көлденең орналастыру ұсынылады.

Қыстың басында қар жұқа жауған кезде қаржыртқыштармен қар үйінділерін жаздық дақылдар егуге арнап жыртылған парларда, көпжылдық шөп егістіктерінде, тырмаланған зябьте, сондай-ақ ақыздық егістіктерде жасау қажет. Одан кейінірек, қар қалыңдаған кезде тырмаланбаған зябь участоктерінде де қар үйінділерін жасауға болады.

Қардың қалыңдығына байланысты үйінді қардың биіктігі 40 сантиметрден 60 сантиметрге дейін жетеді. Қыста екі рет қар үйінділері жасалғанда егіс даласындағы қар қалыңдығы 35—45 сантиметрге дейін қар тоқтатылады. Мұның өзі қар тоқтату жұмыстары жүргізілмеген жерлердегі қардың қалыңдығынан екі жарым есе артық. Қазақстанның тәжрибе мекемелерінің зерттеулері мынаны көрсетіп отыр: қар тоқтатудың мұндай әдісі әрбір гектар егістікке 500-550 текшеметрге дейін ылғал жинауды қамтамасыз ете алады.

Қар тоқтатуды ұйымдастыру жұмысын кешеуілдетуге болмайды. Катты аяздар мен қарлы борандар басталғанға дейін үйілген қар неғұрлым пайдалы болатынын көпжылдық тәжрибе көрсетіп отыр. Егіс даласына ең алғашқы жауған қарды тоқтатудың зор маңызы бар. Алғашқы жауған қарды тоқтатқанда ғана тоқтатылған қардың қалыңдығын 35-45 сантиметрге дейін жеткізуге болады.

Республикамыздың солтүстік облыстарында қатты аязды борандардан кейін қар тез қатады. Қаржыртқыштардың жұмысы қыйындайды. Мұндай жағдайда қаржыртқыштың алдыңғы жағына қатайған қарды тілетін тетік орнату қажет. Бұған плугтердің дискелерін немесе ат плугінің түрені сыяқты әдейі арналып жасалған түрендерді пайдалануға болады. Мұнымен қатар қаржыртқыштың үстіне қосымша ауыр салмақты зат орнатудың зор маңызы бар, қаржыртқыштың салмағы неғұрлым ауырлаған сайын қарда солғұрлым биік әрі нығыз үйіледі.

Қар тоқтатуға әзірленген кезде тракторлардың қысқы жағдайдағы жұмысқа арналып жабдықталуын, кабинасының жылытылуын, трактордың түнде тұратын және олардың жанармай құйылатын тетіктерінің жылытылуын, тракторшылар мен тіркеушілерге арнап жылытылған егістік будкаларының жасалуын және басқаларын естен шығармау керек.

Келесі жылы егіннен мол өнім алудың негізі қыста жасалады. Жаңа жерлер игеруді ойлағыдай жүзеге асырған Қазақстанның колхоздары, МТС-тері мен совхоздары егіс даласында мүмкіндігінше қарды қалың тоқтату үшін барлық күш-жігерін жұмылдыруы тиіс. Бұл—мол өнім алудың кепілі.

А. БАРАЕВ,

В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалының егіншілік институтының директоры, ауылшаруашылық ғылымының кандидаты.

лада Бобровск совхозының орталық усадьбасының алғашқы тұрғын үйлері салынуда. Магазин, асхана ашылды, монша, қоймалар және басқа тұрмыс қажетін өтейтін және шаруашылық орындар құрылысына әзірлік жүргізілуде. Еліміздің барлық түпкірлерінен келген механизаторлар мен мамандар жұмысқа кірісті. Шаруашылықты тәжрибелі басшы Тихон Ильич Рахманин басқарады, ол бұған дейін Тула облысында совхоз директоры болып істеген болатын. Бобровск совхозына 21 мың гектар тың жер бекітіліп берілді. Оның төрттен бірі 1955 жылдың көктемінде жыртылатын болады.

Куйбышев, Ертіс, Максим Горький аудандарында және басқа аудандарда құрылып жатқан жаңа совхоздардың орталық усадьбаларына жабдықтар, машиналар, құрылыс материалдары, киім-кешек, шаруашылық құрал-саймандары, құрастырмалы үйлер тасылуда. Осындай жүктер тиелген эшелондар далалық станциялар мен разъездерге күн сайын келіп жатыр. Олардың келуі күннен күнге көбеюде. Кеше совхоздарға 27 құрастырмалы үй және отыз үш тұрғын вагондар жөнелтілді.

лар сыяқты зор мүмкіншіліктер толық пайдаланылмағандықтан жұмыста қаркын жоқ. Цехта жөндеу жұмысын жүргізуге қосалқы бөлшектердің жеткіліксіздігі де кері әсерін тигізіп отыр. Егер цех қосалқы бөлшектермен үнемі қамтамасыз етіліп отырса, онда ай сайын 120-150 мотор жөнделген болар еді.

Біз цехтың көптеген адамдарымен сөйлестік, олардың барлығы цех қуатының жартылай ғана пайдаланылып отырған-

істелсе, уақытты [illegible]

Бұл фактілердің барлығы облыстық ауыл шаруашылығы басшыларының тарапынан Мамлют жөндеу заводына бақылауды күшейтіп, оған барып тұруды, сөйтіп, барлық цехтарда, соның ішінде мотор жөндеу цехында еңбек өнімділігін еселеп арттыруға жағдай жасауды талап етеді. Мұндай жаңды көмектің тез жасалуы керек.

П. ЕЛИСОВ.

Механика күші неге пайдаланылмай келеді?

Октябрь ауданының көп колхоздарында мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыруға деп алынған машиналар мен құралдар бар. Коновалов МТС-нің қамтуындағы колхоздар соңғы екі-үш жыл ішінде-ақ түгелдей дерлік сиыр сауу агрегаты, азық-буландырғыш және азық кухняларымен қамтамасыз етілді. Бұл аппараттар іске тиімді пайдаланылса, сабан мен салалы пішеннің малға тек тұралған, буланған және концентрат азық араластырылған күйінде берілуі, сондай-ақ тамыржемістердің буланған және тұралған күйінде берілуі қамтамасыз етілген болар еді. Амал не, ақиқат жағдай бұған керісінше. Мал шаруашылығына алынған механизмдер әлі күнге еңбір жерде пайдаланылмайды.

Мысалы, «Гигант» колхозында сиыр сауу аппаратының сатып алынғанына бұйыл бесінші жыл. Сондай-ақ колхозда азық буландырғыш, малазығы кухнялары да бар. Бірақ мұның ешқайсысы іске қосылмай отыр. Олар ферма- ферманың жанында бөлшектенген күйінде жатыр. Сүт сауу және азықбуландырғыш аппараттарының жағдайы «Путь к коммунизму», «Интернационал», «Дружина» ауылшаруашылық артельдерінде де осындай.

Ал кейбір «Трудовик» сияқты колхозда құрастырылып, іске пайдалануға әзірленген азықбуландырғыш отын жоқтығынан іске қосылмаған.

Бұл фактілер Коновалов МТС-нің директоры Ломозов жолдасқа көптен белгілі. Алайда МТС директоры, өндағы мал шаруашылығы мамандары колхоз фермаларындағы ауыр жұмыстарды механикаландыру ісіне мүлдем немкетті қарап келеді. Оған МТС- тегі электр қуатымен қой қырқатын екі аппараттың көктемгі және күзгі жүн қырқу тапсырмасын небары 50 процент ғана орындағаны толық дәлел.

Мал фермаларын механикаландыру жұмысы Торанғұл МТС-інде де қанағаттанғысыз. Осы МТС-тің қамтуындағы «Қазақстанның 30 жылдығы», Ленин атындағы колхоздардағы қой қырқатын электр аппараттары механикаға мән бермеушіліктің салдарынан іске пайдаланылмады.

«Смычка» колхозының жел күшімен жүретін двигатель алғанына екінші жыл. Ол бірінші жылы жақсы пайдаланылып, мал фермаларын сумен толық қамтамасыз етті. Бірақ двигательді пайдалануда ұқыптылықтың болмауы себепті ол сынып, істен шықты. Міне одан бері жаз өтті, қыс келді. Двигатель әлі жөнделген жоқ. Ал көзір колхоздың екі құдығы қолда бар малды қандыра суаруға мүлдем жетпейді. Соның салдарынан сауын сиырлардың сүті де күрт кеміді. Бірақ бұл жағдай аталған МТС басшыларын қынжылтар емес.

Мал фермаларын механикаландырудың жайы ауданның Семиполка және Ворошилов атындағы МТС-терінде де тәжгісіз жағдайда. Машина- трактор станцияларының дирекциялары бұл істі өз міндеттерінен тыс деп есептеп, бұл жөніндегі жауапкершіліктен ада болғысы келеді. Бұл өрескел қате пікір. МТС басшылары колхозармен договорда көрсетілген мал шаруашылығы саласындағы ауыр жұмысты механикаландыру істерін қайткен күнде де орындап шығуға міндетті.

Колхоздарда мал шаруашылығын өркендетудегі жауапты кезең —мал қыстату басталды. Бұл науаның ұлғілі өтіп, мал шаруашылығынан алынатын өнімді арттыра түсу үшін фермалар жұмысын механикаландырудың маңызы ерекше зор екендігін ұмытуға болмайды.

А. КУЛИНОВ.

Жұмысшыларға—жайлы пәтер

Образцовая МТС-і механизаторларының әл-ауқат тұрмыс жайлары жыл санап жақсара түсуде. Олардың жұмыстан бос уақыттарын мәдениетті өткізу үшін барлық жағдай жасалған. МТС орталығында кітапхана, клуб және кинобудкасы жұмыс істейді.

Быйыл МТС орталығында 40 орынды асхана салынды. Көзір аурухана, монша құрылыстары жүргізіліп жатыр. Мұнда механизаторлар үшін тұрғын үйлер құрылысына да ерекше назар аударылуда. Үстіміздегі жылы балташы — Мухатаев жолдас басқаратын құрылысшылар бригадасы жазғы маусымда 10 екіпәтерлі және бір төртпәтерлі үй салды. Көзір бұған станция механизаторлары мен инженер-техник қызметкерлерінің 24 семьясы орналасты.

Р. ҚАСЕНОВ.

Колхозшыларды мәдени қамту—аса маңызды міндет

Қостанай облысы Таран ауданы колхозшыларының, МТС, совхоз жұмысшыларының және интеллигенциясының республиканың барлық еңбекшілерін село мәдениет ошақтарының жұмыстарын барынша жақсартуға шақырған үндеуін Соколов аудэны «Путь Ильича» ауылшаруашылық артелінің мүшелері қызу қарсы алды. Олар тарандықтардың үндеуін талқылауға арналған жыйналыста селодағы мәдениет ошақтарының жұмысын жақсарту туралы өздеріне нақты міндеттер алып, селолық клуб пен оқу үйін қысқы маусымға сақадай- сай әзірлеуді қызу қолға алған болатын. Бұл міндеттемені орындауда, әсресе, колхоз комсомолцтері мен жастары зор инициатива көрсетті. Олар клуб меңгерушісі Некрасов жолдастың басшылығымен селодағы мәдени-ағарту мекемелерін қысқа әзірлеуді аз уақытта сапалы аяқтады.

Колхоз жастарының белсенділігі арқасында бұл колхоздағы клуб шын мәнінде селолық мәдениет орталығы болып отыр. Мұнда жұмыстан бос уақыттарын көңілді, әрі мәдениетті өткізуге жыйналған колхозшыларды көптеп көруге болады. Клуб үйінде ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің көңілді дем алуы үшін қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Көркем және саяси әдебиеттер, жаңа газет, журналдар жеткілікті мөлшерде алынған. Сол сияқты мұнда биллиард столы, музыкалық аспаптар бар.

Клуб жанынан ұйымдастырылған көркемөнерпаздар ұйірмесі де өзінің жұмысын колхозшылардың өскелең мәдени тілегін қанағаттандыруға бағыттаған. Олар ай сайын колхозшылар үшін концерттер қойып береді, мәдени- демалыс кештерін ұйымдастырады.

Халық соттарының сайлауы қарсанында клубта үгіт- бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстары бұрынғыдан да қарқынды жүргізілуде. Кәзір клуб үйінде күн сайын дерлік сайлаушылар үшін лекциялар оқылады, әңгімелер өткізіліп, демалыс кештері ұйымдастырылады.

Бірақ бұл сияқты жағдайды осы аудандағы «Путь Ленина» ауылшаруашылық артелінен көруге болмайды. Ең алдымен, бұл колхоздың басшылары еңбекшілердің мәдени тілегін өтеуді екінші кезектегі жұмыс деп қарайтын көрінеді. Бұған мысал ретінде мына фактіні айтып өтудің өзі жеткілікті.

«Путь Ленина» колхозы —аудандағы ірі колхоздардың бірі: бұл артельге үлкен-үлкен үш село біріккен. Сол сияқты ол ұйымдық- шаруашылық жағынан күннен күнге нығайып, колхозшылардың материалдық әл- ауқаты артып келе жатқан колхоз. Бірақ амал не, жергілікті партия, комсомол ұйымдары мен колхоз басқармасының колхозшылардың мәдени тілегін өтеуге маңыз бермеуі салдарынан мұндағы мәдени- ағарту мекемелерінің бірдебірі жеткілікті дәрежеде жұмыс істемей отыр. Ал осы колхоздың орталық усадьбасы—Долматово селосындағы клуб үйіне колхоз кеңесі орналасып алған. Клуб клуб, не оқу үйі жұмыс істемейді.

Рас, жуырда бұл колхозда тарандықтардың үндеуін талқылауға арналған колхозшылардың жыйналысы болып өтті. Колхоз жастары мен колхозшылар бұл жыйналыста селодағы мәдени- ағарту орындарының жұмысына мән берілмей отырғандығын қатаң сынға алып, колхоз басшыларынан артель мүшелерінің мәдени тілегін қанағаттандыруға баса назар аударуды талап еткен болатын. Бірақ бұған бірталай уақыт өтсе де жергілікті партия ұйымы да, колхоз басшылары да бұл орынды сыннан қорытынды шығарып, идеологиялық жұмыстың бұл маңызды участогіне жеткілікті назар аударуға мән бермей-ақ келеді.

Нақ осы сияқты жағдайды осы аудандағы «Победа» ауылшаруашылық артелінен де кездестіруге болады. Осы колхозда селолық клуб және кітапхана бар. Бірақ бұл мәдени -ағарту мекемелерінің жұмысына колхоз бастауыш партия ұйымы мен колхоз басшылары тарапынан ешқандай басшылық және бақылау болмағандықтан олар колхозшылар арасында ешқандай үгіт- бұқаралық және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізбей отыр. Клуб пен кітапхана үйлері апта бойы бір рет те ашылмастан жабық тұрады. Ал клуб меңгерушісі Винникова жолдас өзінің міндетіне жауапкершілікпен қарауды орнына, өзінің жеке шаруашылығымен айналысады.

Бұл колхоздың клубы жанындағы көркемөнерпаздар ұйірмесі бір кезде аудан бойынша үлгілі коллективтің бірі болып саналатын. Бірақ Винникова жолдастың өз ісіне жауапсыз қарауы салдарынан бұл ұйірменің жұмысы тоқтағалы жылға жуық уақыт болды. Ал бұл уақыттардың ішінде колхоз клубында ең болмаса бір рет колхозшылардың демалыс кештері, немесе кітап оқушылар конференциясы өткізілген емес. Керек десе, колхозшылар кітапханадан әдеби, саяси кітаптарды алу үшін Винниковаиы үйіне ізден барға мәжбүр болып жүр. Ал колхоз бастауыш партия ұйымының секретары Кужилин жолдас «басты міндет —колхоз шаруашылығын өркендету, ал колхоздың, колхозшылардың мәдениетін көтеру екінші қатардағы іс» деген зыянды пікірдің шырмауына түсіп, колхозшылардың мәдени тілегін қанағаттандыру сияқты аса маңызды міндетке жете мән беруді естен шығарған.

Айта кету керек, селолық жерлердегі мәдени -ағарту мекемелерінің жұмысын жандандыруға аудандық мәдениет бөлімінің басшылары да жеткілікті дәрежеде басшылық жасай алмай отыр. Мәселен, бөлім бастығы Казакова жолдасқа «Путь Ленина», «Победа» колхоздарындағы мәдени- ағарту мекемелері жұмысты өте нашар істеп отырғандығы көптен мәлім. Бірақ осы уақытқа дейін Казакова жолдас бұл мәдени- ағарту мекемелерінің жұмысын жақсартуға нақтылы шаралар қолданып отыр.

Халықаралық шолу

ЕВРОПАДАҒЫ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ХАУІПСІЗДІК ҮШІН

Европалық елдердің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде 29 ноябрьден 2 декабрьге дейін Москвада болып өткен кеңесі Поляк Халық Республикасының және Чехословак Республикасының үкметтерімен келісілген Совет Үкметінің ұсынысы бойынша шақырылды. Соның өзінде Совет Үкметі көзіргі уақытта Европада туған жағдай барлық бейбітшіл мемлекеттер тарапынан ең елеулі көңіл бөлуді талап етеді деген пікірге сүйенді.

АҚШ, Англия және Франция үкметтері Батыс Германияны ремилитарландыру және оны империалистік агрессиялық топтарға қатыстыру жоспарларын жүзеге асыруды тездетуге барлық күшін жұмсауда. Осы мақсатпен 23 октябрьде Парижда батыс мемлекеттерінің Батыс Германияны енгізетін соғыс блогын құру туралы келісімдерге қол қойылды, бұл блок ермен милитаризмін қалпына келтіруді, біркемелейтін перде болуға тиіс. Париж келісімдерін бекітудің Европада халықаралық жағдайды мықтап нашарлатуға әкелін соқтыратынына күмән жоқ. Бұл бекіту Германияны қайта қосу жолында жаңа, бұрынғыдан да зор кедергілер тудырады, Германияның бір бөлегін басқа бөлегіне қарама-қарсы қояды және Батыс Германияны жаңа соғыстың хауіпті ошағына айналдырады. Сөйтіп Европа мен бүкіл дүние жүзінде соғыс қатері күшейе түседі.

Туған жағдайды ескере отырып, Совет Үкметі 13 ноябрьде барлық европалық мемлекеттердің үкметтеріне, сонымен қатар АҚШ үкметіне нота жолдап, Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе қарау үшін Москвада европалық мемлекеттердің Кеңесін кешеуілдетпей шақыру жайында ұсыныс жасады. Бірақ АҚШ, Англия және Франция үкметтері бұл ұсынысты қабыл алмады. Сөйтіп олар өздерінің жүргізіп отырған саясатының Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайту мақсаттарына ешқандай қатысы жоқ екендігін тағы да айқын көрсетті.

АҚШ, Англия, және Франция үкметтерінің Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларға қатысудан бастартуы, сонымен қатар бұл үкметтердің Париж келісімдерін бекітуді әзірлеп жатқандығы Европаның бейбітшіл мемлекеттерінің туған жағдайды және өздерінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолдануға тиісті шараларды талқылауы қажет екендігін көрсетті. Европалық елдердің бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Москва Кеңесі дәл осы мәселелерді талқылауға арналды.

Кеңеске қатысушылар қабылдаған Декларация Европадағы кәзіргі жағдайға ешкей-тегжейіне талдау жасап, АҚШ-тың коюға қажетті шаралар қолдануға мәжбүр болады. Москва Кеңесіне қатысушы мемлекеттер, «Париж келісімдері бекітілген жағдайда, өз халықтарының бейбіт еңбегін қорғау, өздерінің шекаралары мен территорияларының қол сұғылмайтын тұтастығына кепілдік тудыру және мүмкін болатын агрессиядан қорғануды қамтамасыз ету үшін қарулы күштер мен олардың командованиесін ұйымдастыру саласында бірлескен шараларды, сондай-ақ өздерінің қорғаныс қабілетін нығайтуға қажетті басқа да шараларды жүзеге асыруға» ұйғарғанын декларацияда мәлімдеді. Осы мақсатпен, кеңеске қатысқан мемлекеттер Париж келісімдері бекітілгендей жағдайда, қайтадан басқосуға келісті.

Мұнымен бірге Кеңеске қатысушы мемлекеттер Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру мақсатымен ынтымақтасу туралы барлық европалық мемлекеттерге ұсыныс жасады, өйткені тек европалық мемлекеттердің бірлескен күш-жігері ғана Европада баянды және ұзақ бейбітшіліктің негізін қалай алады. Сонымен, Москва Кеңесіне қатысушылар Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру мақсатымен басқа елдермен келіссөздер жүргізуге мүмкіндік тудырып отыр, мұның өзі баянды бейбітшілікті қамтамасыз еткен болар еді.

Москва Кеңесінің бүкіл жұмысы жаңа соғысқа жол бермеуді көздеген қамқорлық рухында өтеді. Оған қатысқан мемлекеттер Европада бейбітшілікті нығайтуға барлық күштерімен және барлық шаралармен көмектесуге ұмтылып отырған өздерінің бірауыздан талабын айқын көрсетті.

Француз баспасөзі Москва Кеңесіне қатысушылар дүниежүзілік екінші соғыс жылдарында ең ауыр зардаптарды басынан кешірген Шығыс Европа елдеріндегі 253 миллион европалықтардың өкілдері қатысты деп атап көрсетуде. Бірақ Кеңес қабылдаған Декларация сонымен қатар герман милитаристерінің агрессиясынан ауыр зардап шеккен және бұл агрессияның қайталануын тілемейтін Европаның басқа бөлегіндегі миллиондаған европалықтардың да ынтызар ойлары мен армандарын білдіруде. Москва Кеңесінің жұмысын бүкіл дүние жүзінің бейбітшіл адамдары зор ықлас, үміттен қадағалап отырды. «Соғыс ортін тұтандырушылардың кінәсінен,—деп жазған Уругвайдың «Хустисиа» газеті,— бұл Кеңеске Европаның барлық елдері тұтел қатысқан жоқ. Бірақ Европаның барлық халықтары және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің жақтаушы миллиондаған адамдар тұтелімен осы Кеңестің нәтижесіне өздерінің үміттерін артып отыр».

Москва Кеңесі бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіл адамдардың үмітін ақтады. Ол Европада соғысқа жол бермеуге және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті баянды етуге жеткізетін жолды айқын көрсетіп берді. Бұл жол—коллективтік хауіпсіздік системасын құру жолы, ал бұл система

АМЕРИКАНЫҢ ИНДО-ҚЫТАЙДА ТІМІСКЕЛЕНГЕН ӘРЕКЕТТЕРІ

Американ билеуші топтары соңғы уақытта өздерінің Индо-Қытай елдерінің ішкі істеріне араласуын күшейте түсті. Мұны, атап айтқанда, американ эмиссары генерал Коллинстің Оңтүстік Вьетнамда өрістетіп отырған күйзелті әрекеті айқын көрсетеді. Американ баспасөзінің көрсеткеніндей, Коллинс ноябрьдің бас кезінде Оңтүстік Вьетнамға жіберілгенде онда күтпеген және «батыл өзгерістер» жасау үшін жіберілген.

Ал американ генералы Вьетнамда қандай «батыл өзгерістер» жасауға қамқорлық көрсетіп отыр? АҚШ баспасозі бұл сұраққа екіушты жауап беруде. «Нью-Йорк таймс» газетінің айтуынша, Коллинстің міндеті «Индо Қытайдың қалған бөлегінде французь бақылауын жоққа шығаруда» болып отыр. Демек, Вьетнамдағы «күтпеген және батыл өзгерістің» астарында Вашингтон Оңтүстік Вьетнамдағы француз бақылауын американ бақылауымен ауыстыруды көздейді.

Шетелдік баспасоздің хабарларына көрінгін отырғанындай, американ империалистері бұйығы, жылы жазда өздерінің күш жұмсауы арқасында кәзір премьер-министр Нго Инь Дьем Оңтүстік Вьетнамдағы қолжаулық үкметтің басына қойылған кезде осы бағытқа қадам басқан. Французлық «Эсприи» журналының айтуынша, Нго Инь Дьем «АҚШ-тың сенімді адамы» болып табылады міне соның көмегімен АҚШ-тың Франциияны Индо-Қытай істеріне бақылау жасаудан тайдырғысы келеді.

Нго Инь Дьем үкмет басына келгеннен кейін Оңтүстік Вьетнамдағы французь ықпалының негізгі тірегі баодайлық армия және атап айтқанда, оның бас штабының бастығы генерал Нгуен Ван Хинь бола бастаған. Коллинс Сайгонға келгеннен кейін ашалдымен французды жақтайтын осы генералды тайдыру жолын қарастырған. Американдық «Пост-диспетч» газетінің хабарына қарағанда, Американың қатты қысым жасауы себепті Бао Дай Нгуен Ван Хиньды Парижға шақырып алып, оны өзінің қызметінен бастартуға «азырған».

Нгуен Ван Хиньді орнынан түсіру әрекеті баодайлық армияға бақылау қою, сөйтіп, Оңтүстік Вьетнамдағы француз ықпалын онан әрі әлсірету жөніндегі американ программасының бір бөлегі болып табылады. Франс Пресс агенттігінің мойындауынша, Нгуен Ван Хиньнің орнынан түсуі премьер-министр Нго Инь Дьемнің позициясын нығайтады және баодайлық армияны американ жоспарларына сәйкес толығымен қайта құруға, яғный оны американдарға бағындырып, оның ішіндегі француз ықпалын жоюға мүмкіндік береді.

Оңтүстік Вьетнамның ішкі істеріне АҚШ-тың араласуы французлық бәсекелесушілерді бұл елден ығыстыру міндет-

БОЛГАРИЯ ЕҢБЕКШІЛЕРІ МОСКВА КЕҢЕСІНІҢ ҚАРАРЫН ҚОЛДАУДА

СОФИЯ, 6 декабрь. (СОТА). Болгар телеграф агенттігі былай деп хабарлайды:

«Работническо дело» газеті 6 декабрьдегі номерінде елде өткізілген митингтер мен жыйналыстар туралы хабарлар жариялады, бұл митингтер мен жыйналыстарда болгар еңбекшілері Москва Кеңесіне қатысушы мемлекеттердің Декларациясын бірауыздан қуаттаған.

Москва Кеңесінің қарарын қолдауға арналған жыйналыстар мен митингтер Георгий Димитров атындағы резинка буйымдар жасайтын заводта, Димитрий Благоев атындағы Полиграфиялық комбинатта, «Текстилна слава» фабрикасында болды.

ИНДИЯ ГАЗЕТІ АҚШ-тың АГРЕССИЯЛЫҚ САЯСАТЫН ӘШКЕРЕЛЕУДЕ

ДЕЛИ, 5 декабрь. (СОТА). АҚШ пен гоминдандықтардың арасында соғыс келісіміне қол қойылуына тоқтала келіп, «Нейшнл геральд» газеті өзінің басмақаласында былай деп жазады: Құрама Штаттар гоминдандықтармен «өзара хауіпсіздік туралы пакт» жасап, «елеулі кеселге соқтыратын» қадам жасады. Мартудың Алеуттен Мариан аралдарына дейін созылып жатқан американдық «қорғаныс иінінің» Тайвань маңызды өлшегі болып табылады, егер АҚШ Тынық мұхитта азиялық барлық елдердің үстінен үстемдік жүргізгісі келетін болса, оның Тайваньға бақылау жүргізуі маңызды болып табылады деген сөзін ескерте келіп, газет былай деп атап көрсеткен: «Бұл жаңа қадам АҚШ-тың хауіпсіздігін қамтамасыз ету емес, қайта оның басқа елдерге үстемдік етуі». Ең жүзінде АҚШ-тың Қытай аралдарын оккупациялағанын және гоминдандықтарға континентке шабуыл жасауға ұрықсат еткенін атап көрсете келіп, газет тыйым салынған келісімді «қарақшылық жақтыны заң жүзінде бекітуге тырысушылық» деп атаған.

АТОМ ЖӘНЕ СУТЕГІ ҚАРУЛАРЫНА ТЫЙЫМ САЛУ ҮШІН ЖАПОНИЯДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС

ШАНХАЙ, 6 декабрь. (СОТА). Жапон радиосының хабарлауына қарағанда, атом және сутегі қаруларына тыйым салу үшін қол қойғызу жөніндегі токиолық префектуральді советтің мәжілісінде қол қойғызу қозғалысын бұдан әрі өрістету жайында мәселелер қаралған.

Мәжілісте советтің секретары Каору Ясуй сөз сөйлеп, былай деген: кәзіргі уақытта атом және сутегі қаруларына тыйым салу үшін үндеуге қол қойған адамдардың саны 19 миллионнан асып отыр. Үндеуге, сол сияқты Токио префектурасының мыңға тарта көрнекті саяси және қоғамдық қайраткерлері қол қойған. Совет бұдан былай да қол қойғызу жөніндегі ұлттық советтің қарарына байланысты, алдағы жылдан бастап та өзінің жұмысын күшейте беруге, ел ішіндегі, сонымен бірге бүкіл дүние жүзіндегі барлық саяси және қоғамдық ұйым-

[illegible] орынды талабы бірнеше жылдан бері ескерілмей келеді. Осы селодағы оқу үйі жұмыс істеуге ешқандай мүмкіншілігі жоқ сызды, лас, әрі тар бөлмеге орналастырылған. Сондықтан да ол колхозшылар арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізетін орталыққа айнала алмай отыр. Ол- олма, осы колхоздың қамтуындағы 2-ой Красный яр, Лужки селоларында ең ақыры қызыл мүйіс те жоқ. Қазіргі уақытта бұл колхозда не кітапхана, не [illegible] жұмысын мәнсіз участогі— селолық жерлердегі мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарындағы бұл сияқты кемшіліктерге бұдан әрі төзуге болмайды. Сондықтан да жоғарыда аталған колхоз басшылары мен аудандық мәдениет бөлімі бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсартуға жетісулері керек. Өйткені колхозшыларды мәдени қамту —маңызды міндет.

Қ. БЕРДІБЕКОВ.

Колхоз селолары көркеюде

Соңғы жылдардың ішінде Сәтпаев ауданының ауыл-селоларының бейнесі мүлдем өзгерді. Барлық колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда жаңа тұрғын үйлер көптеп салынуда. Колхозшылар мен механизаторлардың үйлері радиоландырылып, оларға электр жарығы берілуде. Сол сияқты колхоздардағы қоғамдық құрылыстардың да саны арта түсуде.

Торанғұл көлінің жағасына аудандағы үлкен селолардың бірі Ново-Троицкое орналасқан. Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары мен Торанғұл МТС-нің жұмысшылары тұратын бұл селоның бүгінгі бейнесін өткендегісімен салыстыруға да болмайды. Село тұрғындары оны өзімізің қала деп орынды мақтанышпен атайды. Село халқының саны тың және тыңайған жерлерді игеруге келген патриоттардың есебінен анағұрлым артты. Олар үшін ондаған стандартты жаңа тұрғын үйлер салынды. Бұрын ашық жатқан алаңдарда әсем кварталдар пайда болды. Жаңа үйлерге кіргендердің ішінде таңдаулы механизаторлар Взвилов, Козловский, Горбунова, Кузьмин, Олейник жолдастар бар. Жаңа үйлер салуға мемлекет көп көмек көрсетуде. Мәселен мемлекет бөсаткан қаржыға Сычев Зайкин, Орлов, Савельев жолдастар өздеріне жаңа үйлер салып алды. Еңбекшілердің табыстарының мол болуы олардың өздеріне арналған тұрғын үйлер салуына мүмкіншілік берді. Колхозшылар Резников, Шпак, Башкиров және басқалары өздерінің еңбектегі табыстары арқылы жаңа үйлер салды.

Ступенка селосының көшелері де жаңа салынған тұрғын үйлермен көркейтілді. Мұнда 12 тұрғын үй салынды. Жақында ғана шошқа күтуші Развивалова, колхоз шофері Кондратов, колхозшы Близнецов жолдастар жаңа үйге кіру тойларын өткізді. Жаңа тұрғын үйлер салу тұрғындар басқа колхоздарында да пәрменді жүргізілуде. «Бірлік» колхозында биыл жазда колхозшылар үшін 12 жаңа үй салынды. Мұнда радиоторабы сатылып алынып, пайдалануға берілген. Колхоз қоғамдық құрылыстарды да көптеп салуда. Биыл электр станциясы сатып алынды және жаңа дирмен салынды.

Колхоз ауыл-селоларындағы мұндай құрылыстардың көптеп жүргізілуі колхозшыларымыздың мәдениеті мен тұрмыс деңгейінің үздіксіз артып келе жатқанын айқын көрсетеді. Колхозшылар партия мен үкіметіміздің әкелік қамқорлығына іспен жауап беру жолында қажырлы еңбек етуде.

В. КУЦ.

„ЛЕНИН ТУЫНЫН“ ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

„Бір мектептің жұмысындағы кемшіліктер“

Газетіміздің осы жылы ноябрінде «Бір мектептің жұмысындағы кемшіліктер» деген тақырыппен жарияланған сын мақала жөнінде қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі Дегтяренко жолдас бізге мынаны хабарлады:

Газет дабылы бойынша қаладағы № 4 орта мектептің жұмысын арнаулы комиссия тексерді. Тексеріс мақалада келтірілген фактілердің толық анықталып, мектеп коллективінің жаңа оқу жылына нашар әзірленгендігін көрсетті.

Қалалық оқу бөлімі Советінің оқушылар коллективін ұйымдастыру жөніндегі қарары мектепте тәрбие жұмысын жүргізуде өскерілмей ұмыт қалған. Кейбір кластарда тәртіп үнемі бұрмаланылып келген.

Мектеп басшылары оқытушылар алдына қатаң талап қоя алмаған, түрлі ұйымдардың жұмысы қанағаттанғысыз болған, ата-аналар активі мектеп жұмысын жақсартуға тартылмаған, комсомол және пионер ұйымдарының басшылығы қанағаттанғысыз болған.

Қалалық оқу бөлімінің Советі бұл кемшіліктердің барлығын мектеп басшылары мен оқытушылар коллективіне атап көрсетті. Қалалық Совет атқомінде мектеп директоры Володина жолдастың мәлімдемесі тыңдалып, мектеп жұмысына басшылық етудегі кемшіліктерін атап көрсету жөнінде қарар қабылданды және бұл жағдайды таяудағы күндер ішінде жолға қою ұсынылды.

топтары жүргізіп отырған герман милитаризмін қалпына келтіру саясатынан туатын хауіпке назар аударып отыр. Кеңеске қатысушылар Париж келісімдері бекітілген жағдайда, мұның өзі «Европада бейбітшілікті сақтауға қарсы бағытталған және жаңа соғыс әзірлеуді көздейтін әрекет болып табылатындығына» барлық европалық мемлекеттердің назарын аударды. «Мұндай бекіту Европадағы барлық жағдайды анағұрлым зор дәрежеде қиындатады және шешілмеген европалық проблемаларды, соның ішінде еңалдымен, герман проблемасын реттеу мүмкіндігін нашарлатады».

Батыс державаларының бір түйық соғыс топтарын құруы және олардың герман милитаристері мен соғыс блогына кіруі бұл соғыс топтарына қатыспайтын бейбітшіл мемлекеттердің хауіпсіздігіне тікелей төнген қатер болып табылады. Міне мұндай жағдайда бейбітшіл мемлекеттер, өздерінің хауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделері үшін агрессияшыл күштерге өздерінің біріккен күшін қарама-қарсы [illegible] топтастырмайды, қайта агрессордың қандайы болса да голырымен оқшауландырып, агрессияның қандайын болса да бейбітшіл мемлекеттердің біріккен күштерімен жоюды қамтамасыз етеді.

Москва Кеңесінің жұмысы, деп атап көрсетуде шетелдік шолушылар, Кеңеске қатысушылардың өзара толық түсінісушілігі және шын пейілділігі жағдайында, сонымен қатар олардың өз күштеріне сенімділігі жағдайында өтті. Міне бұл жағдай соғыс күштеріне қайтадан өкілдік беруге тырысқан агрессияшыл топтардың дүниежүзілік екінші соғыстан кейін дүние жүзінде болған түбірлі өзгерістерді ескермей отырғанын тағы да айқын көрсетеді. Агрессияшыл топтар бейбітшілік пен социализм күштерінің әлі ешуақытта да дәл қазіргідей қуатты болмағанын және ешуақытта да дәл қазіргідей топтасқанын ескермей отыр. Москва Кеңесінің жұмысы агрессияшыл күштердің тізіскілеген әрекеттерінің бейбітшіл мемлекеттерді қапыстыра қалдыра алмайтындығының айғағы болды.

[illegible] термен тығыз де тығыз отырған жоқ. Парижбен «Монд» газетінің айтуынша, Вашингтон Оңтүстік Вьетнамды «Азиядағы Оңтүстік Корея мен Формозадан кейінгі үшінші антикоммунистік қамалға» айналдыруға тырысуда. Басқа сөзбен айтқанда, американ империалистерінің Оңтүстік Корея мен Тайвань өз агрессиясының қандай тіректі пункті болып отырған болса, Оңтүстік Вьетнамды да дәл сондай тіректі пунктке айналдырысы келеді. Ал баодайлық армияның солдаттарын өздерінің ұлттық тәуелсіздігін қорғап жатқан халықтарға қарсы бағытталған Азиядағы жаңа соғыс авантюраларын жүзеге асыратын өз малайларына айналдырысы келеді.

Оңтүстік Вьетнамның ішкі істеріне АҚШ-тың араласуы азиялық елдердің ұлттық тәуелсіздігі мен хауіпсіздігіне төнген елеулі қатер болып табылады. Бұл араласушылық Индо-Қытай мен бүкіл Азияда бейбітшілік ісіне хауіп төндіреді. Бұл араласушылық Индо-Қытайда бейбітшілікті қалпына келтіруге негіз болған Женева келісімдерін нашарлатады.

Ю. БОЧКАРЕВ.

БЕЛЬГИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СОВЕТІ ПАРИЖ КЕЛІСІМІНІҢ АНТИКОММУНИСТ ЕКЕНІН МОЙЫНДАДЫ

ПАРИЖ, 6 декабрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігінің Брюссельден берген хабарына қарағанда, Бельгияның Мемлекеттік советі Батыс Германияны қаруландыру туралы Париж келісімі жөнінде конституцияға қайшы келеді деген пікірді айтқан. Мемлекеттік совет былай деп есептейді: Бельгия парламенті қазіргі уақытта зерттеліп жатқан кейбір түзетулер конституцияға енгізілген жағдайда ғана бұл келісімдерді бекіте алады. (Мемлекеттік қарт қайраткерлерден тұратын Бельгияның Мемлекеттік советі ең маңызды мәселелерді талқылауға жиналады және оның консультациялық функциялары бар. Бұрын мәлім болғанындай 1953 жылдың январында Мемлекеттік совет парламенттің «европалық қорғаныс бірлестігі туралы» договорды бекітуге қарсы шығып, бұл шешімді. Бельгия конституциясы договорына сәйкес келмейді деген болатын; содан кейін -ақ конституция өзгертілген еді. —**Ред**).

ЕГИПЕТТЕГІ «МҰСЫЛМАНДАР ТУЫСҚАНДЫҒЫ» МҮШЕЛЕРІНІҢ ІСІ ЖӨНІНДЕГІ СОТ ПРОЦЕСІНДЕ

КАИР, 6 декабрь. (СОТА). Кеше «мұсылмандар туысқандығы» ассоциациясының тұтқынға алынған мүшелерінің ісін сотта қарауды тездету мақсатымен құрылған арнаулы үш соғыс соты жұмысқа кірісті.

Газеттердің жазуына қарағанда, бұл соттардан ассоциацияның жүздеген мүшелері өтпек.

ПАРИЖ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ ПАРИЖ КЕЛІСІМІН БЕКІТУГЕ ҚАРСЫ ШЫҒУДА

ПАРИЖ, 6 декабрь. (СОТА). Парижбен маңдағы тұрғындары кеше Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы күреске арнап, Сена департаментінің бейбітшілік Комитеті ұйымдастырған митингке жиналды. Жиналғандар французбек әйелдер одағының председателі Эжени Коттонның, академик Вейл-Алленнің, француз коммунистік партиясы саяси бюросының мүшесі Раймон Гюйоның, Ланжевен ханымның, Францияның демократиялық қоғамдарының басқа да өкілдерінің митинг президиумына келуін жылы жүзбен қарсы алды.

Аббат Булье, Андре Сукьер, Париж маңындағы жұмысшылар қаласы муниципальді советінің мүшесі Булонь-Бианкур Делькамбр мен басқа да сөз сөйлегендер Батыс Германияны қаруландыру туралы Париж келісімдерін ұлттық жиналыста бекіттірмеу үшін француз халқының барлық күшін жұмсауы керектігін атап көрсетті. Сөз сөйлегендер Совет Үкметінің герман мәселесін бейбітшілік жолмен шешу мақсатында келіссөздер жүргізу туралы ұсынысын қуаттады.

Митингке қатысқандар Сена департаментінен ұлттық жиналыстың депутаттарына бірауыздан мынадай үндеу қабылдады:

Париж бен оның маңындағы қалалардың тұрғындары өздерінің Германияны қаруландыруға қарсы шығатындықтарын және мүделі болып отырған державалардың арасында келіссөздер жүргізу жолымен герман проблемасын бейбітшілік пен реттеуге жету үшін өздерінің табандылықпен күресетіндігін салтанатты түрде мәлімдейді.

Олар депутаттардан халықтың еркімен санасумен Европаны болшевиктеуді тездететін және жанталаса қаруланды күшейтетін Париж келісіміне қарсы дауыс беруді талап етеді.

Олар депутаттардан Европаның хауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей, қарусыздандыруға жол ашатындай және бейбітшілікті нығайтатындай келіссөздерді тезарада жүргізуді жақтауларын талап етеді.

Париж бен оның маңындағы қалалардың тұрғындары өздерінің күрестерін Францияның мүддесі мен бейбітшілік еркіне сай жауап беретін бұл мақсаттарға қол жеткенге дейін қажымастан жүргізе береді.

ФРАНЦУЗ- СОВЕТ ДОГОВОРЫНЫҢ ОНЖЫЛДЫҒЫН МЕЙРАМДАУҒА ФРАНЦИЯДАҒЫ ӘЗІРЛІК

ПАРИЖ, 6 декабрь. (СОТА). Францияда одақтасу және өзара көмектесу туралы француз- совет договорының қол қойылуына он жыл өтуін мейрамдауға әзірліктер жүргізілін жатыр. Француз- совет договорының онжылдығын және Совет Одағын Францияның тануының 30 жылдығын мейрамдауды өткізу жөніндегі Париж комитетінен басқа, сонымен бірге осындай комитеттер кейбір провинциалдық қалаларда да ұйымдастырылған. Лионда комитетке Ұлттық жиналыстың депутаттары және профессорлар мен оқытушылар топтары кірген. Комитеттің председательдігіне Эдуард Эррио сайланды. Перигё қаласында Комитетке депутаттар Лакост, Андрэ Дени, сондай-ақ әр түрлі партиялар департаментінің бас кеңесшілері кірді.

дарға атом және сутегі қаруларына тыйым салу туралы үндеу жолдауға ниеттенін отыр.

ЖАПОНИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ЕРЕУІЛІ

ШАНХАЙ, 6 декабрь. (СОТА). Киодо Цусин агенттігінің хабар етуіне қарағанда, 7 декабрьден 9 декабрьге дейін Бүкілжапониялық мемлекеттік кәсіподактар мен муниципальді қызметшілер советіне кіретін, 1 миллион 800 мың мүшесі бар тоғыз кәсіподактары жалақыны арттыру және жаңа жылғы көмектер беру туралы өздерінің талаптарын қолдау үшін жаңадан бірсыпыра ереуілдер өткізбек.

ЖАПОНИЯНЫҢ ОППОЗИЦИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРЫ ИОСИДА КАБИНЕТІНІҢ ОРНЫНАН ТҮСІРІЛУІН ТАЛАП ЕТУДЕ

ШАНХАЙ, 6 декабрь. (СОТА). Киодо Цусин агенттігінің хабар етуіне қарағанда, бүгін парламенттің төменгі палатасында оппозициялық үш партиянын — Жапониянын демократиялық, солшыл және оңшыл партияларының — өкілдері Иосиданың кабинетіне сенбеу жөнінде бірлесіп қарар енгізген.

Бұл қарарды 467 депутаттың ішінде 252 депутат қолдап отыр. Ертең бұл қарар дауысқа қойылады.

АҚШ-та СОҚҚАН ДАУЫЛ

ЛОНДОН, 6 декабрь. (СОТА). Лондон радиосының хабарлауына қарағанда, өткен айтаның аяқкезінде Американын Алабама мен Георгия штаттарында қатты дауыл болған. 50 адам жараланған.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ИНЕЛІК»

Сеанстар сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ҮЛКЕН СЕМЬЯ»

Сеанстар сағат 8-30 және 10-30 да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат облыс экрандарында «ҮЛКЕН СЕМЬЯ» деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастады.

Фильмді Ленин орденді «Ленфильм» киностудиясы 1954 жылы жасап шығарған.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02911 **Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.**